	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

## ***ДӘРІСТЕРДІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ***

### **№1 - дәріс**

***Тақырыбы:*** Сөзжасам – қазақ тіл білімінің жеке саласы

***Мақсаты:*** Қазіргі қазақ тілі курсының құрамдас бөлігі сөзжасамның жеке сала ретіндегі мақсатына сай зерттеу нысаны мәселелеріне тоқталу, түсіндіру; сөзжасам саласының қазіргі кездегі зерттелу жайымен таныстыру; сөзжасамның тілдің басқа салаларымен байланысына және арақатынасына тоқталу.

***Негізгі ұғымдар:*** сөзжасам терминдері, деривация, тарихи сөзжасам, сөзжасам жүйесі, жаңа сөз тудыру, туынды сөз, сөзжасау үдерісі, сөзжасамдық құбылыстар, сөздің сыртқы тұлғасы т.б.


***Дәріс жоспары:***

- 1.Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық тәсілдер. Сөзжасамның синтетикалық тәсілі
2. Сөзжасамның аналитикалық тәсілі
3. Лексика – семантикалық сөзжасам тәсілі

### ***Дәріс мәтіні***

Тілдің сөздік қоры, сөздік құрамы үздіксіз бойын толықтырып отырады. Жаңа атаулардың, туынды сөздердің пайда болуы қай тілдің болмасын ішкі мүмкіндігі мен сөзжасам заңдылықтарына тікелей байланысты болады. Жаңа сөз туғызу әрі тарихи, әрі табиғи процесс. Біз сөзжасам, яғни жаңа сөздердің жасалуы көнеден келе жатыр дедік, ендеше амал-тәсілдер де көне. Сол себепті сөзжасам процесі сөздердің жасалу амал-тәсілдері бар. Тілдегі сөзжасам тәсілдерінің түрлілігін біз пайдаланып жүрген сөздердің тұлғасынан, мағынасынан аңдалатын ерекшеліктерден көреміз. Мысалы: Ай, күн, күл, күт, күс, күндік, еңбеккүн, күншіл, күнкөріс осы сөздердің тұлғалық өзгерісінің өзі ешбір сөзжасамдық талдау жасамай-ақ сөздердің қалыптасу, даму дәрежесінің бірдей еместігін көрсетеді. Алайда, бұл топшылауымыз сөзжасамдық талғауға негізделмеген, ғылыми емес.

Сөзжасамның амал тәсілдері мол. Сөзжасам тәсілдері кешенді, жүйелі құбылыс. Академиялық грамматикада мынадай анықтама бар: «Тілдің өз жүйесіне лайық жаңа сөз жасаудың заңы ретінде қалыптасқан белгілі амалдарын сөз тудыру тәсілдері деп атайды». Мұнда дәстүрлі тәсілдерден морфологиялық - синтетикалық, синтетикалық - аналитикалық қана көрсетілген. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» монографиясында (1989) сөзжасам тәсілдерінің үш түрін көрсетеді. А.Салқынбай қазақ тіл білімінде

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

сөзжасамның сөз тудыру тәсілдері мынадай деп көрсетеді. (Тарихи сөзжасам, А., 1999, 226)

1. Фонетика - семантикалық тәсіл
2. Семантикалық (конверсиялық) тәсіл
3. Синтетика-семантикалық тәсіл
4. Аналитика-семантикалық тәсіл

Кейбір зерттеушілер кірме сөздерді сөзжасамның лексикалық тәсіл деп есептейді. (С.Исаев, Ғ.Жексенбаева). Кірме сөздер сөзжасам процесіне негізгі сөзжасам тәсілдері мен үлгілері бойынша сөзжасам процесіне қатысуы даусыз. Ал Ғ.Жексенбаева айтқандай негізгі "заңдылықтардың аясында" (Ғ.Ж. 12, 13 б) болуы мүмкін емес. Кірме сөздер сөзжасамдық тәсіл бола алмайды дегенде, біріншіден, оның туынды сөз жасайтын өзіндік сөз қалыбы жоқ, екіншіден ол жаңа сөз жасау үшін тек материал ғана бола алады, үшіншіден сөздік қорға ене алмайды деген сияқты дәлелдер келтіреді. Қазақ сөзжасамының теориясына сүйенсек, қазақ тілінің құрылысына тән мынадай үш тәсіл:


1. синтетикалық тәсіл
2. аналитикалық тәсіл

3. лексика-семантикалық тәсілдер сөзжасам тәсілдері болып танылады. Олай болса, осы үш тәсілге тән қызмет пен сипатты қарастырайық.

#### Синтетикалық тәсіл

Мұндай деректерге қанықсыздар, оған көне түркі ескерткіштерінің бірі Орхон -Енисей жазба ескерткіштерінің тілі дәлел бола алады. Осы тәсіл арқылы жасалатын «түбір және қосымша» үлгісіндегі жаңа туынды сөзді сөзжасамдық сипатта тану үшін біз сөзжасамдық үлгі түсініктерін қоса қарастырып кетейік.

Сөзжасамдық үлгі модель, қалып деген ұғымдар бар. Үлгінің сөзжасамдық типке қарағанда ауқымы тар. Сөзжасамдық типке жалпылық тән. Сөзжасамдық үлгі туынды сөздердің нақты жасалу үлгісі. Мысалы, жас+а, мөлдір+е, қина туындыларын алайық. -а, -е жұрнағы арқылы жасалған туындылар бір сөзжасамдық типке жатады. Ал жасалу үлгілері бірдей ме? 1. Жоқ, жаса, мөлдіре дегенде түп негіздер дыбыстық құрамы өзгеріссіз. 2. Үшінші мысалда қиын+а түп негіздегі қысаң дауысты сақталмаған . екінші жағынан келсек: 1. Туынды бір буынды негізгі түбір сын есімге -а жұрнағының қосылуы арқылы жасалған, ал 2. Туынды сөз туынды түп негізден жасалған. 3. Алдыңғы екі жағдайға қарағанда түп негіз құрамы толық емес. Ал, ұза, түзе дегендегі түп негіздер жоғарыда айтылғандар сияқты бір типке жатқанмен, жасалу үлгісі бөлек. Мұнда түп негіз жеке қолданылмайтын сөздер дәрежесінде танылады. Басқаша айтсақ, өлі түбірлер деп тану керек. Олар сөзжасамдық жұрнақтың кез келген түрімен қолданылып, жаңа туынды сөз жасай бермейді. Демек, бір сөзжасамдық үлгі

	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Пәннің оқу-әдістемелік кешені	Басылым: Бесінші
---	--	-------------------------------	---------------------

бола алатындығын көреміз, ал бір сөзжасамдық үлгіде бірнеше сөзжасамдық тип жоқ. «Сөзжасамдық үлгі» туынды сөздердің нақты жасалу үлгісі» деп көрсетіледі. Жоғарыда аталған монографиялық еңбекте (Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі, А., 1989, 62-636).

Қазақ тілі үшін сөзжасам жүйесінде туынды лексикалық мағыналы жаңа сөздің морфемдік құрамында түбір+жұрнақ үлгісінде бір сөз тудырушы жұрнақтың жалғануы қалыпты жүйе болса, (Мысалы, етікші, жалшы, талапкер, қалалық т.б) екі немесе одан да көп сөзтудырушы жұрнақтың жалғануы да заңды құбылыс. Мысалы: бай+лан+ыс+тыр+у+шы (5 жұрнақ). Синтетикалық тәсіл арқылы пайда болған жаңа туынды сөз сөзжасамдық тип және сөзжасамдық үлгі мәселесімен тікелей байланысты. Екіншіден, туынды жаңа сөз атаулының бәрі уәжділік (мотивациямен) және сөзжасамдық мағынамен байланыста қаралуы керек. Сондықтан осы мәселелерді синтетикалық тәсіл қызметімен байланыстыра қарасақ, мыналарға көңіл бөлген жөн.


1. Сөзжасамдық түбір сипаты
2. Сөзтудырушы жұрнақ сипаты
3. Сөзжасамдық тип
4. Сөзжасамдық үлгі
5. Сөзжасамдық уәжділік
6. Сөзжасамдық мағына сияқты құбылыстар жарыса қолданылады.

Қорыта айтқанда, қарастырылған екі сөзжасамдық тәсілдердің көкжиегі кең, ішкі жолдары күрделі, қазіргі қолданыста белсенділік танытады. Әрбір сөзжасамдық тәсілге қатысты қолданылатын арнайы терминдер қатары мол.

#### Аналитикалық тәсіл

Қазақ тілінде туынды лексикалық мағына, яғни жаңа туынды сөз аналитикалық тәсіл арқылы жасалады. Мысалы: жиырма бес, қолүздік, кәдесый, бозторғай, отауұй, оң жақ, аға-іні, аман-есен, АҚШ, БҰҰ. Аналитикалық мәселесі түрік тілдері үшін ғылыми проблемалық сипат алғаны белгілі, себебі жалғамалы тілдердегі сөздер құрамы тек синтетикалық тәсілмен өзгереді деген пікір басым, доминант. Шындығында, бұл тәсіл көне. Сөзжасамдық тұлға ең кемі 2 түбір морфемадан тұрады да, олар бірде бірігіп, бірде тіркесіп, бірде қосарланып бір жаңа туынды лексикалық мағынаны білдіреді. М: онкүндік, қырықжеті, сегізаяқ, мекенжай, бас маман, зейнетақы. Қазіргі сөзжасамдық үрдісте сөзтіркесім, сөзқосылым, сөзбірігім, сөзқысқарым деген терминдер қалыптасып келеді, сонымен бірге сөздердің бірігуі арқылы, тіркесуі арқылы, қосарлануы, қысқаруы арқылы туынды сөздер жасалады деп те айтылады.

Лексикология нысанасы болып жүрген тұрақты тіркестер де сырттай ұқсас, қызметі жағынан жаңа мағынаға ие. Бірақ мұнда образдық, бейнелеушілік сипат басым, сондықтан ол номенклатуралық аталымдар мен күрделі зат есімдерден

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

еркін тіркестерден ерекшеленеді. М: тас бауыр, іні бауыр - еркін тіркес кіші бауыр, үлкен бауыр.

Тілімізде номенклатуралық атаулар күрделі зат есімдерге қарағанда көп мүшелі болып келеді. М: аға ғылыми қызметкер - аталым (бірақ апа ғылыми қызметкер, іні ғылыми қызметкер демейміз). Үкімет үйі, Қазақстан Республикасы, Совет одағының батыры.

Күрделі зат есім аға буын (үлкендер), сым темір (проволка), жуан темір, жан тәсілім (өлім), қалалық әкімшілік - аталым, жарық дүние (өмір), ер бала (ұл), қыз бала (қыз), бас жіп (құрал) тірек. Ащы ішек, бел омыртқа - атау. Ақ жол (ақиқат), қан майдан (соғыс), өгей ата (өгей әке) т.б келтірілген мысалдарда 2-3 жағдай өте жақын, компоненттері зат есім болып келгенде күрделі сөз сыңартірек сөз болып қолданылуы, тіркесім арқылы жасалған жаңа номинатив, атауы сөзді басқа ұқсас құбылыстардан ажыратудың жолы, бірақ межелеу мәселесінде ғалымдар тарапынан біртұтас көзқарас жоқ. Мысалы, бірнеше тілдік құбылыстар қосарлы, қосалқы айқындауыштар, фразеологизмдер. Жұман бай, Баян бәйбіше, Қозы көрпеш Баян сұлу, Арал теңізі, өгей шеше, тас түйін, өр кеуде, асқарлы алпыс.

Сөзжасамның аналитикалық тәсілі сөз тұлғасының күрделену жолымен байланысты тілімізде сөздердің бірігуі, түбір тұлғаларын өзгертіп кіріге бірігуі көп ретте біріккен сөз, күрделі сөз сияқты терминдермен ауыстырылады. Сөзжасамдық нысан ретінде толық мағыналы сөздердің бірігуі тәсілі арқылы пайда болу жайын біз сөзжасамдық талдау ретімен сипаттасақ:

1. Біртұтас негіз қызметінде синтетикалық модельдер, қалыптар үлгісімен түрлене алады, одан кейін жалғаулармен қолданылады.

Мысалы: балмұздақшыл, балмұздақпен.

2. Бұл сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі болады, бір екпінмен айтылады.

3. Келесі екі толық мағыналы сөзден кейде бір ғана атау пайда болады: тасбақа, еңбекақы. Үш түбірден де кездеседі: Екібастұз, Сарытауқұм.

Айтылғандарды қорытындыласақ, аналитикалық тәсілмен жасалған туынды сөздер лексикалық бірлік ретінде мына белгілермен ерекшеленеді.


1. Номинациялық қызметте жұмсалуды (атаулық)

2. Біртұтас мағына білдіру (семантикалық)

3. Сөйлемнің бір мүшесі (синтаксистік қызмет)

4. Сыңарларын өзгертуге болмайды. Егер өзгерсе жаңа мағына туындамайды.

Сонымен бірге аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туындылардың терминдік қызметі туралы сөз етейік. Әдетте термин жасайтын арнайы жұрнақтар, тәсілдер жоқ. Ол тілдегі бар сөзжасам тәсілдері арқылы жасалады. Ерекшелігі - арнайы қолданылады. Терминдер қатарында аналитикалық тәсіл

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

арқылы жасалған сөздер көп. Кейбір тілдерде, мысалы, неміс, ағылшын, орыс тілдерінде номинациялық қызмет дәрежесіне жеткен тіркесті зат есім күрделі сөз бірге жазылады. Мысалы: Hausarbeit, бензоколонка т.б. Мұнда тұтастық (цельнооформленность) ролі үлкен. Ал қазақ тілінде тіркесім жолымен пайда болған күрделі сөздердің жазылуының теориялық негіздері жасаласа да, жазуда бірізділік жоқ. Аналитикалық тәсілдің сөзбірігім, сөзқосылым жолы арқылы жасалған жаңа туынды сөздердің қатары өте көп және сөзжасамдағы орны бөлек. Әсіресе, біріккен сөздердің сыңарлары этимологиялық, морфологиялық тұрғыдан көп сипатталды. Ал лексикалық бірлік ретіндегі белгі айтылды. Сөзжасам тұрғысынан бұл фактілер біраз талдауға түсті. Бірақ бірігу тәсілімен жасалған жаңа туындылар сыңарларының түрлілігі сөзжасамдағы синтетикалық тәсіл қалыбымен талдауға көнбейді. Біртұтас сөз ретінде түрленеді деген морфологиялық сипат, ал сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тізбек, тарамға қатысты мәселесі әліде анық емес.

Көркем әдебиет тіліндегі қысқартылымдар

Қысқарған сөздердің қазақ әдеби тіліне кең тарала бастаған, қай стильде де қолдануға, елгезек тілдік единица екендігін көркем әдебиет тілінде жұмсалу көрінісі дәлелдейді.


Қысқарған сөздердің көркем әдебиетте жұмсалу мүмкіндігі анағұрлым тар. Соның өзінде проза, поэзия үлгілерінде жалпыхалықтық тіл нұсқаларымен қатар тұрып, қолданысқа түсе алатын қысқарымдар бар. Олар, ең алдымен, архизм қысқарымдар және кең қолданыстағы қысқарымдар.

Тарихи көздер тобына қосылатын қысқарған сөздер - волком, губсот, губком, ликбез және тағы басқалар. Мұндай қысқарған сөздердің қатарына 1980-ші жылдардың аяғына дейін қолданылып келген СОКП, райком, парторг, комсомол тағы басқа қысқарған сөздерді жатқызуға болады. Бұлар тарихи тақырыпқа жазылған шығармаларда қолданылады.

Көркем әдебиетте жұмсалуға мүмкіндігі бар қысқарған сөздердің тағы бір түрі кең қолданысқа түскен әріптік немесе буындық қысқартулар.

Бұл топқа ауызекі сөйлеу тілінде айтылатын, көпшілікке кең танымал ҚазМУ, Иняз, СХИ, филфак, мединститут, рабочком, закс сияқты қысқарымдар жатады. Бұндай үлгілер көркем әдебиетте кейіпкер тілінде, диалог үлгілерінде қолданылады. Мысалы: Егер ЖенПИ-дің, Иняздың немесе қызы мол мекен жайлардың төңірегінде көзге шалынып қалсам, қайтып мединституттың жанын көрмеймін. Өзі шыттай киінген АЗТМ-да істеймін деген соң... сөйтсе... университеттің филфагіне ме, физматына ма қатарына үш жыл тапсырып түсе алмаған сабаз болып шықты [6:22].

Мұндай қысқартулар поэзияда да кездеседі. Мысалы: Белгісіз туған күніміз, ЗАГС жоқ қазақ жерінде. Жиырма екінші жылы біз, келіппіз осы өмірге.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

Көркем әдебиет тілінің айналымына түсу үшін қысқарған сөздер стильдік бейімделуден өтуге тиіс. Ал олардың стильдік бейімделуінің негізгі өрісі, негізгі тірегі - қоғамдық - саяси әдебиетте қолданылу жиілігінің жоғары болуы, сол арқылы ауызекі сөйлеу тілінің қалыбына түсу.

Міне, осындай жазу, сөйлеу дағдырысына түскен қысқарған сөздердің көркем әдебиетте қолданылу мүмкіндігі бар. Ал көркем әдебиеттің стильдік мақсатына сәйкес келмейтін тар аядағы ғылыми - ресми реңкі бар қысқарған сөздердің қолданылуы көркем әдебиеттің жанрлық ерекшеліктеріне нұқсан келтіреді.

Қазіргі қысқартулардың баршасы күнделікті баспасөз тілінде жасалынып, сол арқылы таратылады. Әсіресе, күрделі атаулардың қысқартылған қазақша баламаларын жасауда мерзімді баспасөздің қызметі өте үлкен.


Қазіргі мерзімді баспасөз тілі - буындық қысқартулардың жаңа үлгілерін жасап, қалыптастыруда белсенділік танытып отыр. Мәселен, 1990 жылға дейін қазақ әдеби тілінде норма ретінде бағаланып келген колхоз, совхоз терминдерінің соңғы төрт-бес жылда қазақша баламалары қалыптастырылған өзге де стильдер өрісіне таралуына себепші болған негіз күнделікті газет-журналдардың тілі.

Сонымен қатар қысқарған сөздер ғылыми ойды тұжырымды жеткізуге, нақты көзқарасты ғылыми түйіндеуде жұмсау аса тиімді.

Қысқарған сөздер - әдеби тілде ең қажетті тілдік элементтердің бірі. Ол ғылыми әдебиеттерде орын үнемдеу арқылы пікір тұжырымды мол қамтуға, айтылатын ойды шұбалаңқы емес, тиянақты болуына көмектеседі.

Сөзжасамның үшінші тәсілі-лексика-семантикалық тәсіл. Жоғарыда қарастырған екі тәсілден мүлдем басқаша. Өнімді тәсіл деп есептелмесе де көне тәсілдің бірі деп есептеледі. Ондай пікірді көптеген ғаламдар айтады. Алайда, сөз мағынасының дамуы арқылы жаңа туынды лексикалық мағынаның жасалу тұрғысынан бұл тәсілдің зерделену, сипатталу жайы тым мардымсыз. Бұл мәселе бірнеше түйінді сұрақтарды біріктіреді. Мысалы, ол көп мағыналық, синкретизм, омонимия мәселелеріне қатысты. Зерттеушілер бұл тәсілді семантикалық, конверсиялық тәсіл деп те аталады. Демек, сөздің ешбір тұлғалық өзгеріске түспей-ақ мағыналық даму нәтижесінде екінші туынды мағына беруін конверсия ұғымымен байланыстырады. «Конверсия ағылшынның «Conwression» сөзі «Образования нового слова путем перевода данной основы в другую парадигму словоизменения» (О.Ахманова Словарь лингв-х терминов )

А. Салқынбай (187) омонимнің сөзжасамға ешбір қатысы жоқ. Омнимдік құбылыс арқылы жаңа сөз жасалмайды. Омнимдік қатынаста сөзжасам негізділігі принципі сақталмайды деп қарайды. Сөзжасамға қатысы бар мағыналар синонимдік, антонимдік, көпмағыналық. Омним дегеніміз -

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

мағыналары бір-біріне генетикалық жағынан сәйкес келмейтін, бір-бірімен шектеспейтін, тұлғаларының ортақтығы кездейсоқ сөздер алма-алма ер (жігіт) - ер (соңымнан ер) жұрнақтардың мағыналық сабақтастығының болмауы осыны дәлелдейді. Немесе бек, бай, бей, би дене бітімінің ырғылысы, би-дау шешуші түркітануда көптеген жұп түбірлер аз /аз+бас/, /бау/, /соқ/, бояу т.б. синкретті түбірлерін зат есім, етістік мағынасында екенін ғалымдар Г.И.Рамстедт, Н.К.Дмитриев, А.М.Щербак т.б. дәлелдегені белгілі. Яғни омоним түбірлер деп таныған (Синкретизм-ағылшынның (функциональное объединение разных форм выражения) Қазақ тіл білімінде М.Томанов, Ә.Т.Қайдаров, Ә.Ибатов, Е.З.Қажыбеков зат есім-етістік жұптарының гомогенділігін (один и тот же ) айтты. Алайда ол тілдің қосымшалы кезеңіне дейінгі жай деп танылды. Семантикалық тәсілде сөзжасам элементтері ретінде тек жеке сөздер қатысады, сөз тұлғаларында еш өзгеріс болмайды. Тұлға, сөздің дыбыстық құрамы өзгермейді, мағынаның ұлғаюы, кеңеюі орын алады.

### ***Тұжырымдар:***


Сөзжасамның синтетикалық тәсілі тілдің жалғамалы (аглютинативті) сипатын дәлелдейтін бірден-бір тәсіл. Ол көне тәсілдердің бірі.

Аналитикалық тәсілге тән белгілер:

1. Сөзжасамдық тұлға ең кемі 2 сөзден тұрады.
2. Әрбір сыңар өзі білдіретін лексикалық мағынасын жоғалтпайды.
3. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған жаңа туынды сөздің мағынасы оның сыңарларының мағынасының қосындысына сай келеді.
4. Әрбір сыңар бірдей дәрежеде жаңа туынды сөз мағынасына үлес қосады. Бұл - заңдылық тіркесім тәсілімен жасалған сөзжасам объектісі болатын күрделі зат есімдерді тануда үлкен қиындық келтіреді. Осылай деуге мынадай жайлар мүмкіндік береді.

### ***Бақылау сұрақтары:***

1. Сөзжасам тәсілдерінің сипаты.
2. Сөзжасам тәсілдерінің жіктелімі.
3. Сөзжасамның синтетикалық тәсілі.
4. Сөзжасамның аналитикалық тәсілінің сөзқосым жолы.
5. Сөзжасамның аналитикалық тәсілінің сөзтіркесім жолы.
6. Сөзқысқарымның – сөзжасамға қатыстылығы туралы ғалымдар пікірлері.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

7. Сөздердің қосарлануы арқылы туындайтын жаңа туынды сөздер.
8. Конверсиялану, конверсия түрлері.

### *Дәріс бойынша әдістемелік нұсқау*

Дәрісте қарастырылған мәселелерді толық меңгеру үшін дәріс мазмұнындағы негізгі ұғымдарға, олардың беретін мағынасына, қызметіне, қолданысына ерекше назар аударып, негізгі мәселеге байланысты ғылыми тұжырымдарды салыстырып, саралау қажет.

### *Пайдаланылған әдебиет:*

1. Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесі. - Алматы: Ғылым, 1989, 64-102 б.
2. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы (оқулық). - Алматы, 2000, 33-39 б.
3. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. - Алматы, 1999, 19-24 б.
4. Жексембаева Ғ. Қазақ тіліндегі кірме сөздердің сөзжасамдық қызметі. - Алматы: АлМУ, 1998, 12-13 б.
5. Сарбалаев Ж. Сөзжасам мәселесі. - Алматы, 2002.
6. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
7. Әбдірәсілова Г. Қазақ тіліндегі сөзжасамның аналитикалық тәсілдері. - ҚДА, Астана, 2004.

### **№2 дәріс**

**Тақырыбы:** Сөзжасамдық уәждеме және сөзжасамдық мағына, олардың түрлері.

**Мақсаты:** Сөзжасам теориясында тұрақталған жаңа туынды сөз жасау тәсілдеріне қатысты тілдік бірліктер қызметінің тіркесімділік, уәжділік, валенттілік қағидаттарына сай пайда болған нәтижені, туынды сөзді, оның мағынасын басқа мағына түрлерінен ажыратуға үйрету. Мағына түрлерінің жасалуындағы сөзжасамдық қатынастар көрінісін талдауға үйрету.

**Негізгі ұғымдар:** мағына, мағына түрлері, сөзжасамдық мағына, өзгертілген, көшірілген, теңбе-тең, түрленген сөзжасамдық мағыналар, уәж, уәждеме, уәжділік, уәждеуші, уәжделінуші, жартылай, толық, ашық, көмескі уәжділік түрлері т.б.

### ***Дәріс жоспары:***



	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

1. Сөз мағыналары және сөзжасамдық мағына.
2. Сөзжасамдық мағына түрлері.
3. Сөзжасамдағы мотивация, уәжділік мәселесі.
4. Дара және күрделі сөздердегі уәждеме түрлері.

### *Дәріс мәтіні*

Сөз мағынасы жайындағы түсінікті сөзжасамға тікелей қатыстылық деңгейінде қарастыру шартына лайықты сөз қозғауды мақсат етеміз, болмаса, мағына туралы сөздердің түсініктері кең: лексикалық, сөздің тура мағынасы, ауыспалы мағынасы (денотат, коннотат мағыналар), грамматикалық, сигнификаттық т.б. мағына түрлері мен типтері тіл деңгейлеріне қатысты орын алған. Сөзжасамдық мағына атаулының бәрі туынды лексикалық мағына түсінігімен байланысты. Мағына – сөзжасам саласындағы негізгі мәселе. Бірақ туынды сөздің қандай тәсілмен жасалғандығына байланысты сөзжасамдық мағынаның да өзіндік ерекшеліктері болады. Оны түп негіз бен туындыларды салыстыра отырып тануға болады:

Мысалы: 1) етікші, қойшы/ күрек, болма  
(аяқ киім (мал бағатын (күреу (кеңістік, мекенде)  
тігетін маман) адам) қимылының жоқ қимыл  
құралы) мағынасы)

Пайда болған мағыналардың жаңа сөзге негіз болған сөздерге қатысты мағынадан алшақтығы жоқ.

2) сұра-сұрау, жүр-жүріс, қимыл арқылы жақындайтын зат атауы.

3) етей, дөңки, байы дегенде түп негізге қосылған мағына етке айналу, дөңге, байға айналу, сонда ет пен етей, дөң мен дөңки мағыналары тым жақын емес.


4) бай-батша, он алты кіріп шық, алып кел дегенде сөзжасамдық атаулардың жасалуы мүлде бөлек лексикалық, синтаксистік амалдар іске қосылған.

Лексикалық деривацияда сөз таптары ауыспайды, екеуі де синтетикалық, қосымшаны іске қосу арқылы пайда болады (егінші, малшы, дәрігер).

Синтаксистік деривацияда сөз таптары ауысқан: күл-күлкі, қаз-қазық, сүз-сүзгі.

Сөзжасам тәсілдерінің қатысуына қарай пайда болатын туынды лексикалық мағына да бірдей емес. Сондықтан сөзжасамдық мағына түрлерін проф. Н.Оралбаева былай бөледі:

1. Өзгерген туынды мағына. Негізден туындаған және оның мағынасымен тікелей байланысты мағынаны айтамыз: іс-іскер, жас-ар, көк-ер. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы туындаған мағына да енеді. М.: быын-да.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

2. Түрленген туынды мағына: дөнен-дөнежін, көл-көлшік, бала-балапан, кейде модификацияланған мағына деп аталады.

3. Көшірілген туынды мағына: синкретті зат есім-етістік. М.: қатар-ряд, қатар-рядом, күн, ақ, қара.

4. Теңбе-тең туынды мағына: ТМД, БҰҰ, АҚШ.


Сөзжасамның мағына негізділігі басқа тілдік құбылыстар, мысалы, сөзформалар, үшін қажет емес, онда жаңа лексикалық мағына жоқ. Мотивация – сөзжасамдық негіздеменің лингвистикалық теориясы. Мотивация заңдылығы – түп негіз мағынасының (А. Салқынбай этимон түбірді қолданады) жіктелуі нәтижесінде тектес, тамырлас, түбірлес туынды сөздер жасау процесі. Мотивация – қандай да болмасын туынды сөз мағынасының негіз семадан жіктелу ретін көрсетеді. Негіздеме нәтижесінде кез келген кездейсоқ ұғым жасала бермейді. Мысалы, қой-қойшы-қойшылық-қойша, қойдай т.б. Осыдан келіп негіз сөз бен негізді сөз деген ұғымды ажыратып алайық. Негіз деп туынды сөз жасауға қатысқан лексикалық мағыналы сөз мұндағы: негізгі шарт – лексикалық мағынаның болуы. М.: бол+мыс, болмыс, қала+лық, қалалық, көркемөнер+паз, қырықбуындық.

Демек, сөзжасамдық талдауға негіз сөз түрлі түбірден бола береді. Ал морфологиялық талдауда мақсат сөздің морфемдік құрамын анықтау. М.: бас+па+сөз, көрік+ем+өнер. Сөзжасамдық талдауда олардың әр сыңары дайын сөздер: баспа-сөз. Сөзжасамдық талдауда негізділік қатыстағы екі сөздің бірі негіз (себепті негіз А. Салқынбай) екіншісі негізді сөз. Сипаты:

- 1) негіздінің морфемдік құрамы күрделі: бой-шаң;
- 2) мағыналық құрылымы да күрделі: ой-шыл.

Тілдегі уәждеме табиғаты туралы алғаш сөз еткен неміс ғалымы Вильгельм фон Гумбольдт еді. Тіл бір мезгілде әрі бейне, әрі таңба, ал сөз жеке ұғымның таңбасы ғана бола алады деген пікір айтқан. Сөз мағынасы мен дыбысталуы арасындағы байланысқа не себеп, не негіз болады деген мәселеге тоқталған (Ф. Соссюрді де айтуға болады). Сөздің дыбыстық тұрпаты атауыш мағынаны, заттың сапалық қасиетін т.б. мәнді толық анықтай алмайды. Уәжділік мәселесі тек сөзжасамға қатысты деген ой тұмауы керек. Тіл білімінде уәждеме ұғымының аясы кең. Уәждеме – туынды атауларды қалыптастыру, затқа тән белгіні таңдау және оны аталым ретінде бекіту үрдісі.

Қазақ тіл білімінде семасиологиядағы, фонетикадағы, морфологиядағы уәжділік туралы Н. Уәлиев, Ж. Манкеева, К. Құсайынов, З. Базарбаева еңбектерінде айтылып жүр. Сондықтан фонетикалық мотивация, семантикалық мотивация, морфологиялық мотивация терминдері бар. Мысалы, К. Құсайынов дыбысбейнелеуіштік мотивация, дыбыселіктеуіштік мотивацияны ажыратады. Сөзжасамға қатысты А. Салқынбай, Б. Қасым еңбектерінде сөз қозғалады. Демек, уәжділік тіл деңгейлерінің бәріне қатысты.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

Сөзжасамда төл ұғым негізінде жасалған кез келген деривациялық мағына уәжділікпен байланысты туынды сөз мағынасы аталым негізінде жатқан ұғым арқылы уәждемі, себепті негізге сай ішкі мазмұндық қарым-қатынасты сөзжасамда уәждеме туынды атаудың мағыналық құрылымды сипаттаушы құбылыс ретінде танылады. Сөзжасамдық талдау оның уәжділігін, мотивін іздеуден басталады. Демек, тілдік бірліктердің бір-бірін негіздеуі деген ұғым туындайды. Уәждемені атау мен зат арасындағы байланыс, бірлік деп те түсінуге болады. Туынды сөз болу үшін ол екінші атауыштық (номинативтік) мағынаға ие болуы керек, оның жасалуында қажеттілік, себептілік, негізділік болуы шарт. Сөзжасамдық талдаудың негізгі бөлігі екіншілік мағынадағы бірліктің уәжділік қатынасының мәнін тану болып табылады. «Сөзжасамдық уәждеме – себептілікке, негізділікке құрылған сөзжасамдық қатынас».

Қап сөзі – қуыс. Қапшық, қапта, қаптау, қаптағыш, қаптама, қапсырма, камыт, құмыра, қабыр, қауақ, кебіс, кеуек, капсула.

Қақа, қамал, қақпақ, қапас т.б.

Күрделі сөздердегі немесе сөзжасамның аналитикалық тәсілінің нәтижесі ретіндегі туынды сөздердегі уәжділік мәселесі Б. Қасым еңбектерінде сөз етіледі. Уәждеме теориясында ұғым → атау → таңба моделі күрделі аталымда үш түрлі дәрежеде көрінеді. Тура уәжділік, жартылай уәжділік, жасырын уәжділік. 1. Айқын уәждеме (қаражидек, шашбау, теміржол, аққайың, қарақоңыз, ата-ана, ақыл-ой, азу тіс, ас үй); 2. Жасырын уәждеме (қарақағаз, қарашығын, жексұрын, алаяқ, алаңғасар (метафоралық), елікгүл, асқазан, иткөйлек); 3. Көмескі уәждеме (қарағұс (шүйде сүйек), қарқара, итаршы, кемпірқосақ, алапес) уәжділігін жоғалтқан. Осылай анықталған күрделі сөздер ғана лексикалық мәртебеге ие болуы тиіс. Уәжді (мотивированное) атауды жасау сөзжасамдық құралдарды таңдау арқылы жүзеге асады.


Уәждеме, уәжділік, уәжділік дәрежелері

Күрделі сөздегі (сөзқосымның нәтижесіне) қатысты уәжділік дәрежесін Б. Қасым еңбектерінде І. Тура уәжділік лексикалық мағыналардың қосындысы. М.: аққайың, көлбақа, азу тіс ата-ана. ІІ. Жартылай уәжділік (метафоралық). М.: елікгүл, асқазан, күркетауық, иткөйлек. ІІІ. Көмескі уәжділік. М.: ақсүйек, алаяқ, қансонар деген жіктелімде танылады.

### ***Тұжырымдар:***

Сөзжасам теориясының негізгі ұғымдарының бірі – уәждеме, мотивация мәселесі. Мотивация – кешенді, әмбебап құбылыс, логикалық, философиялық категория.

### ***Бақылау сұрақтары:***

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

1. Сөз мағыналары және сөзжасамдық мағына.
2. Сөзжасамдық мағына түрлері.
3. Сөзжасамдағы мотивация, уәжділік мәселесі.
4. Дара және күрделі сөздердегі уәждеме түрлері.

### *Дәріс бойынша әдістемелік нұсқау*

Дәрісте қарастырылған мәселелерді толық меңгеру үшін дәріс мазмұнындағы негізгі ұғымдарға, олардың беретін мағынасына, қызметіне, қолданысына ерекше назар аударып, негізгі мәселеге байланысты ғылыми тұжырымдарды салыстырып, саралау қажет.

### *Пайдаланылған әдебиет:*

1. Салқынбай А. Туынды сөздің сөзжасамдық мағынасы мен уәжділігі //Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. - Алматы. 2007.
2. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. - М., 1984, 92, 47 б.
3. Қасым Б. Сөзжасам: семантика, уәждеме. III бөлім. - Алматы, 2003.
4. Левицкий В.В. Виды мотивированности слова, их взаимосвязь и роль в лексико-семантических изменениях //Материалы семинаров по проблемам мотивации в языкознании. - Л. 1963.

### **№3 дәріс**

**Тақырыбы:** Сөзжасамдық бірліктер


**Мақсаты:** 1. Қазақ тілі сөзжасамы үшін жаңа түсінік. Сөзжасамдық ұя мазмұнынан зерттеушілер пікірлерімен таныстыру.

2. Сөзжасамдық ұя құрылымымен таныстыру.

**Негізгі ұғымдар:** Сөзжасамды ұя, түбірлес сөздер, сөзжасамдық ұя құрылымы, сөзжасамдық ұяның үлкен құрылымы, сөзжасамдық ұяның кіші құрылымы, негізділігі, сөзжасамды жұп, сөзжасамдық саты, сөзжасамдық тарам, сөзжасамдық тізбек, ұя мүшелерінің орналасуы, иерархиялық қатынас, сөзжасамдық парадигма т.б.

**Дәріс жоспары:**

1. Сөзжасамдық ұя
2. Сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық саты

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

3. Сөзжасамдық тізбек.
4. Сөзжасамдық тарам.
5. Сөзжасамдық тип пен үлгі.

### *Дәріс мәтіні*

Әр сөзжасамдық ұя бір негізгі түбір сөзден қанша туынды сөз жасалғанын дәлелдейді. Әр сөзжасамдық ұя бір негізгі түбір сөзден қанша туынды сөз жасалғанын анық көрсетеді.

Академик Ә.Қайдаров еңбегінде бір буынды 1352 тірі түбір және 1352 өлі түбір келтірілген. Сөздің түбірі де тілдің өзі сияқты ерте пайда болған, сөздің түбірінсіз сөздердің генетикалық туыстығын көрсетуге келмейді. Бір буынды түбір-негіздер қазақ тілінде базисті лексиканың түйіні (ядрасы) болады және ол 6 түрлі құрылымда байланысады (Г, СГ, ГС, ГСС, СГС, СГСС). Қазір қазақ тілінде сөзжасамдық ұялардың толық сөздігі жоқ. О.Тоққожаева сөздігінде синтетиклық сөзжасам ғана қамтылған.


1989 жылы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиялық еңбекте сөзжасамдық ұяға алғаш рет сөзжасамдық сипаттама берілді. «Сөзжасамдық ұя деп бір негізгі түбірден тараған туынды түбірлердің жиынтығы аталады» (Мон.еңбек 59-бет).

Лингвистикалық түсіндірме сөздікте: «Сөзжасамдық ұя – негізгі түбірден тараған туынды сөздердің жиынтығы. Сөзжасамдық ұяның күрделілігі оның құрамындағы әр неғұрлым сөзжасамға көбірек қатысса, соғұрлым сөзжасамдық ұяның мағынасы күрделі екендігі байқалады. Сөзжасамдық ұядағы сөздердің бәрі бір түбірлес сөздерге жатады. Қазақ тілінде сөзжасамдық ұядағы түбір сөз негізінен, бір буынды болып келеді» (206-бет).

А.Ысқақов: «Сөздің өз алдына тұрып мағына бере алатын, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түпкі мағыналы бөлшегі, әдетте, түбір не негізгі түбір не түбір сөз деп аталады. Біл, білім, білгір, білгіш, білін, білдір, білімпаз деген сөздер – бір түбірден туған сөздер түбірлес сөздер деп те аталады» (Қ.Қ.Т.87-б). Ал момын, момақан, момыш, шалқақ, шалқасынан, шалқан, шалқалау, шалқалақтау – мұндағы негізгі түбірлер өлі түбірлерге жатады. Бас, ал, айт, ас, іс – тірі түбірлер болып табылады.

Түбір сөз және түбірлік сөз деген ұғымдардың арасында елеулі айырмашылық бар.

Түбір сөз деген ұғым – динамикалық ұғым, ал түбірлік сөз – статикалық ұғым (статика – тұрақты қалып, тең салмақтылық). Сөзжасамдық ұяның құрамына бір негізді түбірден өрбіген барлық туынды сөздер жататын

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

болғандықтан, олардың синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туындылары түбірлес сөздер болып саналады. М:

А) бас, басшы, бастық, баспа, баспалдақ, бассыз, басқар, баста, бастат, бастаған, басқарған:

Ә) айт, айттыр, айтқыз, айтыс, айтақ, айттырғыз, айтыстыр, айтақта, айтыстырғыз:

Әр топтағы түбірлес сөздердің басқа ұяға қатысы болмайды. Әр ұяның құрамы да түбірлес сөздері де басқа-басқа.

Түбірлес сөздер – бір негізді түбірден өрбіген түбірлес туынды сөздердің жиынтығы.

Түбірлес сөздердің белгісі олардың бәрінің құрамында оларға негіз болған ұяның түп негіз сөзі болуға тиісті. Ұяның түп негіз сөзі ұядағы түбірлес сөздердің барлығының құрамында болуға керек. Бас, айт сөздері – ұя жасаушы сөздер.

Сөзжасамдық ұядағы туынды түбірлер – лексикалық бірліктер. Олар негізгі түбір қалай туынды түбірдің жасалуына лексикалық бірлік ретінде негіз болса, туынды түбірлер де лексикалық бірлік құқында басқа туынды сөздің жасалуына негіз бола алады.

Сөзжасамдық ұядағы түбірлес туынды түбір сөздердің морфемдік құрамы әр түрлі болады. М: бас сөзін алайық. Ауыспалы мағынаға дейін 13 түрлі мағынасы түсіндірілген.

Бас деген түбірден: бас-қар, бас-қы, бас-сыз, бас-та, бас-тық, бас-шы деген 7 буынды түбір жасалып тұр.

1. Бас-қы сөзінен басқалары әрі қарай түбірлес туынды түбірлерге өрбиді.

2. Бас-қар, бас-та – сабақты етістіктер. Егер –ма жұрнағын қоссақ, басқарма (управление), бастама (начинание) деген туынды түбірлер шығады.

Бас деген зат есімді етістікке айналдырған –қар және –та жұрнақтары деривациялықтың ішінде қандай конверсиялық қызмет атқарса, ол туынды түбір етістіктерден зат есім тудырған –ма жұрнағы тап сол сияқты қызмет атқарады.

+қар: басқар, басқару, басқарма

+қы: басқы


+сыз бассыз, бассыздық

+та: баста, бастал, бастау, бастат, бастама, бастап

+ты: басты

+тық: бастықбай, бастықшыл, бастықшылдық

+шы: басшылық, басшылықсыз

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

Сөзжасамдық ұя құрамында негізі түбірлерден және туынды түбірлерден жасалған туынды сөздердің болуы сөзжасамдық ұяға қатысты анықтамалардың түрлі болуына әкелді. Қазіргі әдебиеттерде берілген анықтамаларға тоқталсақ,

Анықтамаларда

Негіз сөзден тараған

Бір түбірден тараған

Түп негіз сөзден кейін орналасқан

Деген тірек сөздер кездеседі. Сонда әрбір ғалымның нені, қай мағынаны тірек етіп алғандығын көреміз.

Сөзжасам мәселелеріне арналған еңбектерде, мақалаларда (Е.Жанпейісов, С.Нұрқанов т.б.) сөзжасамдық ұя сөзжасамды құрайтын бөлшектің бірі ретінде сөз етіледі.

#### Анықтамалар

I. Сөзжасамдық ұя анықтаманы Н.Оралбаева «Сөзжасамдық ұя деген бір негізгі түбірден тараған туынды түбірлердің жиынтығы аталады».

(Н.Оралбаева «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» )


II. А.Салқынбайға қатысты. Сөзжасамдық ұя – жаңа сөзжасамға негіз болып, ортақ, өзек мағына қалыптастыратын, бір семантикалық өрісте жататын сөздердің жиынтығы (А.салқынбай «Тарихи сөзжасам» 307 бет)

III. «Сөзжасамдық жұптар жиынтығы» деген анықтаманы орыс тіл білімінде А.Н.Тихонов деген автордың пікірінше негіз бен туынды сөзден, сөзжасамдық жұп, тізбек және тарамдардан құралады.

Әрбір сөзжасамдық ұяға негіз болған түбірлердің сөзжасамдық қатынасты қамтамасыз етуі яғни туынды сөздің мүмкіншілігі сөзжасамдық ұядан көрінеді. Ғалымдардың зерттеуі бойынша бір «бас» сөзінен 143 туынды сөз тараған, бас, бастық, басын, басқы, басқар, басшы, басым сияқты 6-7 туынды сөзден, 137 сөз жасалған. Мұнда тек сөзжасамдық жұрнақ арқылы туындаған туынды сөздер туралы сөз болып отыр. Сонда бас сөзінен тараған туындылардың бәрі: бір сөзжасамдық ұяға жатады. Зерттеуші Н.Қоқышева дене атауларына қатысты 24 түбір сөзден: бас, кеуде, қол, табан, қарын, іш, арқа, аяқ, кіндік, иық, ауыз, тіл, тізе, мойын, мұрын, көз, тіс, құлақ 774 туынды сөз жасалатынын дәлелдеген.

Сөзжасамдық ұя белгісі:

1. Әр ұяның өзіндік түбірлес сөздері болады.
2. Сөзжасамдық ұя бір түрлі түбірлес сөздерден тұрады.
3. Түбірлес сөздерге негіз болған түп негіз, ұя қазығы сөз болуға тиісті.
4. Тілде қанша СҰ болса, сонша түбірлер сөздердің түрлері болады.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

5. Түбірлес сөздердің морфемдік құрамы әртүрлі және сөздер әр сөз табы болуы мүмкін.

6. СҰ дағы түбірлес туынды түбірлермен мағыналық байланысы болуы керек.

#### Сөзжасамдық ұя құрылымы

Сөзжамадық ұя – жүйелді, күрделі тілдік құбылыс. Сөзжасамдық ұя мүшелері тұрақты көлемі жоқ. Ол үлкен де, кіші ді бола береді. Мысалы: Сөзжасамдық ұяның көлемі түп негіз сөздің сөзжасамдық қабілетінің күштілігіне, құнарлығына, өнімді, өнімсіздігіне байланысты әрбір сөзжасамдық ұя өзінше дербес құрылым. Сөзжасамдық ұя 2 мүшеден бастап, жүзден аса мүшелерден құрыла береді.

Сөзжасамдық ұя мүшелері кез келген орында орналаса бермейді, олардың орналасуының қалыптасқан тәртібі бар. Сөзжасамдық ұяда ол қатаң сақталады. Демек, ұяның құрылымдық заңдылығы бар. Ұяны құрайтын тұрақты мүшелер бар. Олар: сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық саты, сөзжасамдық тарам.

Түп негіз сөзден бірінші жасалған туындыдан бастап туынды сөздер өрбу ретімен ерекшеленіп, сөзжасамдық тізбектің соңғы сөзімен аяқталады.

А.С.Тихонов СҰ көп қабатты, көп құрамды мағыналы құбылыс деген. СҰ ең кіші құрылым – сөзжасамдық жұп, ең ірі – сөзжасамдық тізбек.

Әрбір лексикалық қордағы лексемалар осындай талдауға түссе жақсы болар еді, тілдің сөздік құрамының толығу жүйесінің мүмкіншіліктері анықталар еді. Сөзжасамдық ұяның бәрі осындай көріністе болуы мүмкін емес. Сөзжасамдық ұяның күрделілігі ұя мүшелерінің қызметіне байланысты. Мысалы: «біл» сөзінен 26 туынды сөз жасалып, одан 17 сөзжасамдық тізбек құрайтын туындылар өрбиді.

#### Сөзжасамдық ұя мағынасы

Бір сөзжасамдық ұядағы түбірлес туынды сөзде мағына байланыстылығымен ерекшеленеді. Сөзжасамдық ұяда сөзжасамдық мағынаның екі түрі орын алады: өзгерген мағына және түрленген мағына (тепе-тең, көшірілген) екені белгілі. Ал олар СҰ-мен түрленгенде де жоғарыдағы мағына туындайды. Ұяның құрылымы ғана күрделі емес мағынасы да күрделі.

Сөзжасамдық ұядағы мүшелердің бір-бірімен байланысты болуы олардың жеке сипаты, қызметі, мағынасымен байланысты. Сөзжасамдық ұядағы туынды сөздер санына қарамастан, сөзжасамдық жұп туындайды, тіпті ең аз дегенде бір сөзжасамдық жұп болады. Мысалы: «өнімділік» деген туынды сөзді алсақ, мұнда үш сөзжасамдық жұп бар.



	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

Өн – өнімді

Өн – өнімді

Өн – өнімділік

Немесе ойпаң деген ой – паң бір сөзжасамдық жұп. Біз мұнда ұядағы ең кіші құрылым туралы айтып отырмыз. Сөзжасамдық ұяның құрылымында сөзжасамдық жұптың түрлі болтынын көреміз. Сөзжасамдық ұя мағынаның уәжділігіне сай негізгі сөзбен туынды сөздің қатыстылығы сөзжасамдық жұпты құрайды. Сөзжасамдық мағынаның негізділігі туындайтынын жаңа мағынамен байланысты заңдылық. Сөзжасамдық ұядағы түп негіз сөзден тікелей өрбіген сөзжасамдық мағына күшті болады, түп негіз басымдылық көрсетеді.

М: тол-толық, тол-толқы

Тол-толым т.б.

Ал толық – толықта

Толық-толықтыр

Сөзжасамдық жұптарында тол сөзінен

мағына

Толық-толықтап

алыстай береді

Сөзжасамдық жұптар сыңарларының қызметі де өзгеріп отырады. Бірде 1- сыңар түп негіз, бірде 2-сыңар түп негіз болып келеді. Демек, сөзжасамдағы сөз бен уәждемелі сөздер тіл білімінде сөзжасамдық жұп деп аталады. Сөзжасамдық жұптар арасындағы мағыналық қатынас а) ортақ сыңарлы жұптар; ә) әр түрлі сыңарлы жұптар болып ажыратылады. Мысалы: Ортақ сыңарлы жұптар:

Ақ-ақта

Ақ-ағар

Ақ-ақшыл

Ақ-ақи

Ақ-ақси


Әр түрлі сыңарлы жұптар ақ-ақта, ақ-ақталт т.б.

Сөзжасамдық саты

Сөзжасамдық саты - СҰ-ның мүшесі. Немесе ұя құрылымындағы туындылардың орналасу тәртібі.

Бұл ұғымның термин ретінде қазақ тілі сөзжасамында пайда болғанына көп уақыт болған жоқ. СС түсінігі проф.Н.Оралбаеваның «Сөзжасамдық саты» атты мақаласында сөз етілді.

СС бір түбірден екінші туынды сөздің жасалу шегін білдіреді. Мысалы: біл-білімді-білімділік т.б. тізбекте 3 сөзжасамдық саты бар. Сатының ең бастапқы және міндетті шыңы болып түбір сөз яғни негізсіз сөз саналады. Ұяны басқаратын түбірден тікелей жасалған туынды бірінші сатының

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

нәтижесі ал 1-сатының негізді сөзінен 2-саты басталады. Сөзжасамдық сатының сөзжасамдық жұпқа қатысы бар, себебі ол негіз бен туындыдан тұрады.

Сөзжасамдық ұяда сатыны көлденең және тігінен сипаттайды. Демек, сөзжасамдық сатының сөзжасам ұясындағы бар бірліктерге қатысы бар. Мысалы, көлденең сипатталғанда сөзжасамдық саты, сөзжасамдық тізбекпен байланысты мұнда олардың мағыналық қатынасы бір ізді мағыналық қатынас.

Сөзжасамдық тізбек бірнеше сатыдан құралса, ұяның соңғы сатысындағы туынды сөздер соңғы сатыға дейінгі мүшелер өзіне дейінгі, өзінен кейінгі сөзбен екі жақты мағыналық қатыста болады.

Егер сөзжасамдық тізбек бір сөзжасамдық сатыдан ғана құрылса, ол тек түбірмен, өзіне дейінгі сөзбен бір жақты мағыналық қатыста болады.

Зерттеушілер бірінші сатыдағы сөздердің сөзжасамдық қабілеті басым деп есептейді. Мысалы: Н.Қоқышева мәліметі бойынша 24 түп негіз дене мүшелері атауынан бірінші сатыда 466 сөз туындаған. Саты көбінесе сөз табы сөзжасамның орны деп есептеледі. Мысалы 1 сатыда туындаған 466 сөздің 299 туынды зат есім (48-жұрнақ арқылы, 94 сөзқосым арқылы, 78 тіркес арқылы, 37-қосарлау арқылы, 22-конвер арқылы сөзжасамдық мағынасы бар.

етістік

туынды үстеу

Мысалы: Тілші, тілше, тілшік, тілдік, тілді, тілсіз, ғ тілде, тілдес, тілмаш, құлақша, елбасы, кіндік шеше, қарын бөле, бел құда т.б. сөздерде II сатыда тік қатардан сипаттағанда, оған ұяның барлық тізбегінің әр сатыдағы сөзі кіреді деп көрсетеді.

Осындай талдаулар нәтижесі қазақ тіліндегі түбір сөздердің сөзжасамдық қабілеті сөзжасамдық саты бойынша тізілсе, түсіндірме сөздіктегі сөз қорының саны көбірек болар еді деген ойға жетелейді.

1980 жылы шыққан «Русская грамматика» атты академиялық грамматикада төмендегідей анықтама береді: «Словообразовательная цепочка — это ряд однокоренных слов, находящихся в отношениях последовательной мотивированности».

1989 жылы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда сөзжасамдық тізбек термині алғаш ғылыми айналымға түскен. «Бір түбірден тараған бірінен-бірі тікелей туындайтын, біріне-бірі негіз болатын негізді сөздердің тобы сөзжасамдық тізбек деп аталады» (ҚҚТСЖ).

«Сөзжасамдық тізбек - сөзжасамдық бір ұяның негізінде жасалған, бірінен-бірі тікелей туындатын жаңа мағынаны туынды сөздердің тізбегі. Сөзжасамдық әр тізбек негіз сөзден басталып, негізді сөзбен аяқталады. Сөзжасамдық тізбек біріне-бірі негіз болатын бір негізді сөздердің тобы» (лингв, түсін. сөздік 206-б.).

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

Сөзжасамдық тізбектің мағыналық құрылымы көп қабатты (слой), көп құрамды (сыңарлы компонентті). Сөзжасамдық тізбектің мағыналық құрамы оның бойындағы бар сөздердің мағынасын қамтиды. Мағыналық құрылымы оның бойындағы бар сөздердің мағынасын қамтиды. Мағыналық құрылымға мән береді: жүз/жүзгіш/жүзгіштік. Сөзжасамдық тізбек бойындағы сөздердің сөз таптарына қатысты құрылымына келетін 1 сөз етістік, 2 сөз әрі сын есім, әрі зат есім, 3 сөз туынды зат есім болып анықталады. Егер оны шартты қысқартулармен алсақ, ЕСЗ болып шығады. Демек, сөзжасамдағы тізбек құрылымындағы сөз табына қатысты құрылым моделі осылай. Зерттеуші Б.Есімсейітов сөз таптық үлгі деген терминді қолданады, термин әлі де тұрақталмаған, басқа термин болуы мүмкін.

Әр сөзжасамдық тізбекті алып қарасақ, оның құрамындағы туынды түбірлер бір түп негіз сөзден бастау алады.

1. Сөзжасамдық тізбектің құрамында міндетті түрде түп негіз сөз болуы керек.

Сөзжасамдық тізбектің негізгі мүшесі - түп негіз сөзден жасалған туынды сөздер. Тізбектің құрамындағы туынды сөз біреу де, бірнешеу де болады (ой-ойла-ойлан-ойландыр-ойландырт - 4 сөз; жұп-жұптық - 1 -сөз; жыр-жырла-жырлас - 2 сөз).

2. Туынды сөздердің саны тізбекте түрлі болады. Түп негіз саны тұрақты, туынды сөздің саны - тұрақсыз болады. Сөзжасамдық тізбектегі түп негіз сөз бір морфемалы сөзден болады. Ал туынды сөз екі морфемалы, я одан да көп морфемалы сөзден болады: жан-жандан-жансыз-жансыздан.

3. Тізбектің бір мүшесі ғана бір морфемалы сөз болады, қалған мүшелері екі не одан да көп морфемалы сөзден тұрады: жара-жарасым-жарасымдық-жарасымпаз.

- Сөзжасамдық тізбектің жаңа буынынан сөзтізбек жалғасып, жаңа, тың мағына жасала береді. Әр сөзжасамдық тізбек негіз сөзден, туынды түбірден жасалады да, содан әрі қарай өзінің мағына тудыру шегіне жеткенше тізбектеліп кете береді. Туынды түбір сөздер жұрнақтар арқылы жасалатындықтан, ол сөз құрамындағы морфеманың санын арттырады. Ал тізбекте бір туындыдан екінші туынды жасала беретіндіктен, ондай туындылардың морфемдік саны көбейе береді (бас-басқар-басқарма).

Туынды сөздердің құрамындағы морфемалар негізгі морфема және көмекші морфемалар деп бөлінеді. Тізбектегі негізгі түбірлердің құрамындағы негізгі морфема - түп негіз сөз, көмекші морфемалар - жұрнақтар. Мысалы: ас/ас-тық-/ас-тық-ты. Барлық сөзде ас негізгі түбірі бар және бұл заңдылық барлық сөзжасамдық тізбекке тән. Бұдан туынды сөздердің бір түбірден жасалғанын көреміз. Мұндай бір түбір сөзден жасалған туынды түбірлер түбірлес сөздер болып саналады. «Сіңісу процесінде сөздің түбірлес, төркіндес

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

сөздердің байланысы күңгірттеніп жойылады да, элементтері өзара кірігіп кеткен сөздер өзімен төркіндес сөздерден оқшауланып алшақтайды (жақ-жағу, жану, жарық, жалын) сөздері бір ғана түбірден *жа-* тарағанмен, қазірде бұл сөздер түбірлес сөздер емес, мағына жақындағы бар сөздер ретінде ұғынылады» (Тіл біліміне кіріспе. 283-бет)

4. Сөзжасамдық тізбек тек қана түбірлес сөздерден құралады.

5. Сөзжасамдық тізбектегі түбірлес туынды түбір сөздер бірінен-бірі тікелей жасалған туынды түбір сөздер, олардың арасында бөтен сөз болуы мүмкін емес.

Сөзжасамдық тізбек тек бірінен-бірі тікелей туындаған, бірінің жасалуына екіншісі негіз болатын сөзжасамдық жұптардан ғана құралады. (айт - айтыс - айтыстыр - айтыстырғыз; кел-келтір - келтірім - келтірімпаз - келтірімпаздық). Ұяда қанша сөз болса да, оның бәрі бірімен-бірі туындамаса, тізбек бола алмайды.

6. Сөзжасамдық қызметтегі сөздер екі түрлі қызмет атқарады, туынды сөз жасаушы және одан жасалған туынды сөз. (жан - жанғыз – жанғыздыр - жанғыздырт)

Бұл қызметті ғылымда сөзжасамның негізділігі (мотивированность) деп атайды. Сөзжасамдық тізбек негіз сөз бен негізді сөздерден тұрады. Жаңа сөздің жасалуына негіз болатын сөз *негіз сөз* деп аталады. Мысалы: айтыс, бастық, сәнді, келіс туындыларына негіз болған сөздер: айт, бас, сән, кел. Осы сөздердің негізінде жасалған сөздер негізді сөздер деп аталады.

7. Тізбек мүшелерінің ішінде бір қызмет атқаратын мүшелер де болады. Әр тізбекте бір қызмет атқаратын екі мүше бар (тізбектің I мүшесі - негіз сөз, тізбектің соңғы мүшесі - негізді сөз). Бұл құбылыс әр тізбекке тән.

8. Сөзжасамдық тізбектің құрамында бір негізді түбір сөз болады. Ол - түп негіз сөз. («негізсіз сөз» Н.О.).


9. Сөзжасамдық тізбекте түп негіз сөздің саны шектеулі. Тізбектегі түп негіз сөздің саны тұрақты, негізді сөздің саны тұрақсыз.

10. Сөзжасамдық ұяда тізбекті бастаушы сөз бен тізбекті аяқтаушы сөз болады. Тізбекті бастаушы сөз барлық тізбекке ортақ болса, тізбекті аяқтаушы сөздер әр түрлі болады:

Шырай – шырайлан – шырайландыр - шырайландырт  
шыр

шырын – шырынды - шырындылық

11. Тізбек құрамындағы туынды түбір сөздер бір сөз табына да, әр түрлі сөз табына да қатысты болады. Сөзжасамдық тізбектің құрамындағы сөздер бірімен-бірі мағыналық байланыста болады. Өйткені сөздердің бәрі бір түп негіз сөзден туындаған түбірлес сөздер.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

Қазақ тілінде сөзжасамдық тізбек - сөзжасамдық ұяның бір мүшесі. Атау ұғымының тілде пайда болуы сөзжасамдағы ұяның сипатталуына байланысты. Сөзжасам жеке тіл ғылымы саласы болған уақыттан бері сөзжасам мәселесіне арналған Н.Оралбай, А.Салқынбай, К.Құрманәлиев, З.Бейсембаева, Н.Қоқышева, Б.Есімсейітов еңбектерінде сөзжасамдық ұя мәселесіне көңіл аударылды. Мысалы: 1989 ж. шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» монографиясында сөзжасамдық тізбек сипатталмаған. Сондықтан бұл сұраққа арналған әзірше бір ғана кандидаттық жұмыс бар. Бұл жұмыс (Б.Есімсейітов) «Қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектердің құрылымын синхрондық тұрғыдан зерттеу» деп аталады. 2003 жылы оқулық болып шықты.

Сөзжасамдық тізбек - сөзжасамдық ұяның синтагматикалық құрылымдық бірлігі болып табылады.

Сөзжасамдық тізбек дегеніміз - бір түбірден тараған, бірінен-бірі тікелей туындайтын, біріне-бірі негіз болатын негізді сөздер тобы. Сөзжасамдық тізбексіз сөзжасамдық ұя жоқ. Н.Оралбаева әр сөзжасамдық тізбек негіз сөзден басталып, негізді сөзбен аяқталады деп көрсетеді. Сөзжасамдық тізбекте негіз сөз - 1, қалғандары негіз емес сөз, яғни негізді сөздер. Мысалы: бет - бетте - беттес - беттестір /негізсіз/негіз/негізді/негіз. Мысалы шық сөзінің 46 тізбегі бар. Сөзжасамдық тізбек бірнеше тармақты болады. Мысалы: біл, білім, білімдар, білімдарлық т.б. бір негізгі түбір бірнеше сөзжасамдық тізбек бере алатындығы жиі кездеседі. Әр тізбек негіз сөзден басталып негізді сөзбен аяқталады.


Бір ғана біл етістігінен 13 сөзжасамдық тізбек өрбитіні 50 бетте корсетілген. Әр тізбек 4-5 сөзден тұрады, ал бас сөзінен 92 сөзжасамдық тізбек тараған.

Сөзжасамдық тізбектің мына белгілерін атауға болады:

1. Сөзжасамдық тізбек - сөзжасамдық ұяның күрделі бірлігі.
2. Сөзжасамдық тізбектегі сөздердің сөзжасамдық қатынасы - иерархиялық қатынастағы сөздер тобы.
3. Сөзжасамдық тізбек мүшелері уәждемелі туынды сөздер.
4. Сөзжасамдық тізбектегі сөздер бір-бірімен мағыналас сөздер әрі түбірлес сөздер.

Сөзжасамдық тізбек бойындағы сөздердің (негіз сөз, туынды сөз) өзіне тән ішкі мағыналық және сыртқы дыбыстық жағына көңіл бөлінеді. Екінші сөзбен айтсақ, оның мағыналық, тұлғалық құрылымы танылады. Қазақ ғалымдары А.С.Тихоновтың сипаттамасын басшылыққа алған.

Сөзжасамдық ұя мүшелерінің бірі – сөзжасамдық тізбек. А.Н.Тихонов сөзжасамдық тізбекке мынадай анықтама береді. «Под словообразовательной цепочкой мы понимаем ряд однокоренных слов, находящихся в отношениях последовательной производности» (АДД, 1974, 35-с).

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

Қазақ тіл білімінде сөзжасамдық тарам ұғымына зерттеушілер бір лексикалық тұлғадан, сөзжасам термині бойынша бір түп негізден бірінші сатыда тараған туынды сөздер тобын жатқызып жүр. Кейде оны сөзжасам пардигмасы да деген ұғымға әкеледі. Парадигма - грек сөзі, пример, образец, үлгі деген түсінікті білдіреді. Тарам, парадигманың үш түрлі мағынасы танылады.

1) Кең түрде, кең түсінікте: лингвистикалық бірліктердің бір-біріне қарама-қарсылықтағы сондай-ақ ортақ жалпы белгілерімен біріктіруге көнетін кез-келген тобы, класы. Немесе тарамдық қатыстағы тілдік бірліктер жинағы. М: С.Исаев еңбектеріндегі грамматикалық категория, септік категориясы, жақ категориялардың түсінігі.

2) Бір топ, класс жиынтығының модельдік, сызбалық көрінісі.

3) Тармағындағы лексикалық морфологиялық синтаксистік сөзжасамдық (Е. А.Земская М.М.).

Сөзжасамда I-сөзжасамдық сатыдағы

1-сөзжасамдық, жұптың мүшелері болған туындылар бір тарамға енеді.

Демек, бір деривациялық сатыдағы түбірлес сөздер деп те танылады.

Тарамның тұрақты бөлшегі, элементі - уәждеме сөз, ауыспалы бөлшегі уәжділі сөз.

Сөзжасамдық тарам құрамындағы туынды түбірлер бір ғана негізден тік қатардағы бір сатыда жасалуы шарт. Мысалы: бас -басшы Мұндай тарам жиі кездеседі.

- басқар

- баспақ

- бассыз

- басты

- бастас

- бастық

- басыл

Сөзжасамдық тарам белгілері:

1) жұрнақ арқылы жасалады; 2) сөз табы жағынан тарамға енетін туындылар біркелкі емес; 3) бірінші сатыдағы сөздерден жасалады, кейде түрлі сатыдағы сөздерден жасала береді.

Мысалы өр сөзінен, түп негізден 24 туынды жасалады екен, онда 5 тарам бар, бұлар түрлі сатыдағы тарамдар:

өр - өрбі

өргіз

өрдір

өріс

өр - өріссіз

- өрісті

- өрісте


- өртешіл

- өрістес

өр - өрістел

- өрістеп

- өрістет

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

өр - өрістілік  
өр - өрістетіл

### ***Тұжырымдар:***

Сөзжасамдық ұя термині негізгі түбір сөз және туынды түбір сөздермен байланысты. Тіліміздің сөздік қорының туынды түбір сөздердің кең орын алатынын сөзжасамдық ұялар дәлелдейді.

### ***Бақылау сұрақтары:***


1. Сөзжасамдық ұя түсінігі, құрылымы
2. Сөзжасамдық жұп, жасалуы, сыңарлары, қолданыс ерекшелігі.
3. Сөзжасамдық саты, жасалуы, сөзжасамдық жұптан ерекшелігі.
- 4.

### ***Дәріс бойынша әдістемелік нұсқау***

Дәрісте қарастырылған мәселелерді толық меңгеру үшін дәріс мазмұнындағы негізгі ұғымдарға, олардың беретін мағынасына, қызметіне, қолданысына ерекше назар аударып, негізгі мәселеге байланысты ғылыми тұжырымдарды салыстырып, саралау қажет.

### ***Пайдаланылған әдебиет:***

1. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Оқулық. - Алматы, 2002.
2. Құрманғалиев К. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық негіздері. - ДДА, Алматы, 2002.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

## № 4 – дәріс

**Тақырыбы:** Сөзжасамдық тізбек. Сөзжасамдық тарам. Сөзжасамдық тип пен үлгі.

**Мақсаты:** Сөзжасамдық қатынасты қамтамасыз ететін деривациялық мағынаның пайда болу тәртібі мен заңдылықтарын сипаттау. Сөзжасамдық ұя құрылымындағы сөзжасамдық мағынаның көп қабатты, көп құрамды үлкен құрылым сөзжасамдық тізбектің, сөзжасамдық тарамның ғылыми - сипаттамасын, белгілерін теориялық және практикалық тұрғыда меңгеру.

**Негізгі ұғымдар:** сөзжасамдық тізбек, мағына негізділігі, иерархиялық тәртіпте орналасу, мағыналық қабат, мағыналық құрылым, ең кіші сөзжасамдық тізбек, ең үлкен сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тарам, түрлері, сөзжасамдық парадигманың көрінісі т.б.

**Дәріс жоспары:**

1. Сөзжасамдық тізбектің ұя мүшесі ретінде жаңа туынды сөздер жасаудағы орны.
2. Сөзжасамдық тізбектің құрылымы, сыңарлары, белгілері.
3. Сөзжасамдық тарам, түрлері.
4. Сөзжасамдағы синтагматикалық және парадигматикалық сөзжасамдық қатынастар.

### *Дәріс мәтіні*


1980 жылы шыққан «Русская грамматика» атты академиялық грамматикада төмендегідей анықтама береді: «Словообразовательная цепочка — это ряд однокоренных слов, находящихся в отношениях последовательной мотивированности».

1989 жылы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда сөзжасамдық тізбек термині алғаш ғылыми айналымға түскен. «Бір түбірден тараған бірінен-бірі тікелей туындайтын, біріне-бірі негіз болатын негізді сөздердің тобы сөзжасамдық тізбек деп аталады» (ҚҚТСЖ).

«Сөзжасамдық тізбек - сөзжасамдық бір ұяның негізінде жасалған, бірінен-бірі тікелей туындатын жаңа мағынаны туынды сөздердің тізбегі. Сөзжасамдық әр тізбек негіз сөзден басталып, негізді сөзбен аяқталады. Сөзжасамдық тізбек біріне-бірі негіз болатын бір негізді сөздердің тобы» (лингв, түсін. сөздік 206-б.).

Сөзжасамдық тізбектің мағыналық құрылымы көп қабатты (слой), көп құрамды (сыңарлы компонентті). Сөзжасамдық тізбектің мағыналық құрамы оның бойындағы бар сөздердің мағынасын қамтиды. Мағыналық құрылымы оның бойындағы бар сөздердің мағынасын қамтиды. Мағыналық құрылымға мән береді: жүз/жүзгіш/жүзгіштік. Сөзжасамдық тізбек бойындағы сөздердің сөз таптарына қатысты құрылымына келетін 1 сөз етістік, 2 сөз әрі сын есім,



	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

әрі зат есім, 3 сөз туынды зат есім болып анықталады. Егер оны шартты қысқартулармен алсақ, ЕСЗ болып шығады. Демек, сөзжасамдағы тізбек құрылымындағы сөз табына қатысты құрылым моделі осылай. Зерттеуші Б.Есімсейітов сөз таптық үлгі деген терминді қолданады, термин әлі де тұрақталмаған, басқа термин болуы мүмкін.

Әр сөзжасамдық тізбекті алып қарасақ, оның құрамындағы туынды түбірлер бір түп негіз сөзден бастау алады.

1. Сөзжасамдық тізбектің құрамында міндетті түрде түп негіз сөз болуы керек.

Сөзжасамдық тізбектің негізгі мүшесі - түп негіз сөзден жасалған туынды сөздер. Тізбектің құрамындағы туынды сөз біреу де, бірнешеу де болады (ой-ойла-ойлан-ойландыр-ойландырт - 4 сөз; жұп-жұптық - 1 -сөз; жыр-жырла-жырлас - 2 сөз).


2. Туынды сөздердің саны тізбекте түрлі болады. Түп негіз саны тұрақты, туынды сөздің саны - тұрақсыз болады. Сөзжасамдық тізбектегі түп негіз сөз бір морфемалы сөзден болады. Ал туынды сөз екі морфемалы, я одан да көп морфемалы сөзден болады: жан-жандан-жансыз-жансыздан.

3. Тізбектің бір мүшесі ғана бір морфемалы сөз болады, қалған мүшелері екі не одан да көп морфемалы сөзден тұрады: жара-жарасым-жарасымдық-жарасымпаз.

- Сөзжасамдық тізбектің жаңа буынынан сөзтізбек жалғасып, жаңа, тың мағына жасала береді. Әр сөзжасамдық тізбек негіз сөзден, туынды түбірден жасалады да, содан әрі қарай өзінің мағына тудыру шегіне жеткенше тізбектеліп кете береді. Туынды түбір сөздер жұрнақтар арқылы жасалатындықтан, ол сөз құрамындағы морфеманың санын арттырады. Ал тізбекте бір туындыдан екінші туынды жасала беретіндіктен, ондай туындылардың морфемдік саны көбейе береді (бас-басқар-басқарма).

Туынды сөздердің құрамындағы морфемалар негізгі морфема және көмекші морфемалар деп бөлінеді. Тізбектегі негізгі түбірлердің құрамындағы негізгі морфема - түп негіз сөз, көмекші морфемалар - жұрнақтар. Мысалы: ас/ас-тық-/ас-тық-ты. Барлық сөзде ас негізгі түбірі бар және бұл заңдылық барлық сөзжасамдық тізбекке тән. Бұдан туынды сөздердің бір түбірден жасалғанын көреміз. Мұндай бір түбір сөзден жасалған туынды түбірлер түбірлес сөздер болып саналады. «Сіңісу процесінде сөздің түбірлес, төркіндес сөздердің байланысы күңгірттеніп жойылады да, элементтері өзара кірігіп кеткен сөздер өзімен төркіндес сөздерден оқшауланып алшақтайды (жақ-жағу, жану, жарық, жалын) сөздері бір ғана түбірден жа- тарағанмен, қазірде бұл сөздер түбірлес сөздер емес, мағына жақындағы бар сөздер ретінде ұғынылады» (Тіл біліміне кіріспе. 283-бет)

4. Сөзжасамдық тізбек тек қана түбірлес сөздерден құралады.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

5. Сөзжасамдық тізбектегі түбірлес туынды түбір сөздер бірінен-бірі тікелей жасалған туынды түбір сөздер, олардың арасында бөтен сөз болуы мүмкін емес.

Сөзжасамдық тізбек тек бірінен-бірі тікелей туындаған, бірінің жасалуына екіншісі негіз болатын сөзжасамдық жұптардан ғана құралады. (айт - айтыс - айтыстыр - айтыстырғыз; кел-келтір - келтірім - келтірімпаз - келтірімпаздық). Ұяда қанша сөз болса да, оның бәрі бірімен-бірі туындамаса, тізбек бола алмайды.

6. Сөзжасамдық қызметтегі сөздер екі түрлі қызмет атқарады, туынды сөз жасаушы және одан жасалған туынды сөз. (жан - жанғыз – жанғыздыр - жанғыздырт)

Бұл қызметті ғылымда сөзжасамның негізділігі (мотивированность) деп атайды. Сөзжасамдық тізбек негіз сөз бен негізді сөздерден тұрады. Жаңа сөздің жасалуына негіз болатын сөз негіз сөз деп аталады. Мысалы: айтыс, бастық, сәнді, келіс туындыларына негіз болған сөздер: айт, бас, сән, кел. Осы сөздердің негізінде жасалған сөздер негізді сөздер деп аталады.

7. Тізбек мүшелерінің ішінде бір қызмет атқаратын мүшелер де болады. Әр тізбекте бір қызмет атқаратын екі мүше бар (тізбектің I мүшесі - негіз сөз, тізбектің соңғы мүшесі - негізді сөз). Бұл құбылыс әр тізбекке тән.

8. Сөзжасамдық тізбектің құрамында бір негізді түбір сөз болады. Ол - түп негіз сөз. («негізсіз сөз» Н.О.).

9. Сөзжасамдық тізбекте түп негіз сөздің саны шектеулі. Тізбектегі түп негіз сөздің саны тұрақты, негізді сөздің саны тұрақсыз.


10. Сөзжасамдық ұяда тізбекті бастаушы сөз бен тізбекті аяқтаушы сөз болады. Тізбекті бастаушы сөз барлық тізбекке ортақ болса, тізбекті аяқтаушы сөздер әр түрлі болады:

Шырай – шырайлан – шырайландыр - шырайландырт  
шыр

шырын – шырынды - шырындылық

11. Тізбек құрамындағы туынды түбір сөздер бір сөз табына да, әр түрлі сөз табына да қатысты болады. Сөзжасамдық тізбектің құрамындағы сөздер бірімен-бірі мағыналық байланыста болады. Өйткені сөздердің бәрі бір түп негіз сөзден туындаған түбірлес сөздер.

Қазақ тілінде сөзжасамдық тізбек - сөзжасамдық ұяның бір мүшесі. Атау ұғымының тілде пайда болуы сөзжасамдағы ұяның сипатталуына байланысты. Сөзжасам жеке тіл ғылымы саласы болған уақыттан бері сөзжасам мәселесіне арналған Н.Оралбай, А.Салқынбай, К.Құрманәлиев, З.Бейсембаева, Н.Қоқышева, Б.Есімсейітов еңбектерінде сөзжасамдық ұя мәселесіне көңіл аударылды. Мысалы: 1989 ж. шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі»

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

монографиясында сөзжасамдық тізбек сипатталмаған. Сондықтан бұл сұраққа арналған әзірше бір ғана кандидаттық жұмыс бар. Бұл жұмыс (Б.Есімсейітов) «Қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектердің құрылымын синхрондық тұрғыдан зерттеу» деп аталады. 2003 жылы оқулық болып шықты.

Сөзжасамдық тізбек - сөзжасамдық ұяның синтагматикалық құрылымдық бірлігі болып табылады.

Сөзжасамдық тізбек дегеніміз - бір түбірден тараған, бірінен-бірі тікелей туындайтын, біріне-бірі негіз болатын негізді сөздер тобы. Сөзжасамдық тізбексіз сөзжасамдық ұя жоқ. Н.Оралбаева әр сөзжасамдық тізбек негіз сөзден басталып, негізді сөзбен аяқталады деп көрсетеді. Сөзжасамдық тізбекте негіз сөз - 1, қалғандары негіз емес сөз, яғни негізді сөздер. Мысалы: бет - бетте - беттес - беттестір /негізсіз/негіз/негізді/негіз. Мысалы шық сөзінің 46 тізбегі бар. Сөзжасамдық тізбек бірнеше тармақты болады. Мысалы: біл, білім, білімдар, білімдарлық т.б. бір негізгі түбір бірнеше сөзжасамдық тізбек бере алатындығы жиі кездеседі. Әр тізбек негіз сөзден басталып негізді сөзбен аяқталады.

Бір ғана біл етістігінен 13 сөзжасамдық тізбек өрбитіні 50 бетте көрсетілген. Әр тізбек 4-5 сөзден тұрады, ал бас сөзінен 92 сөзжасамдық тізбек тараған.

Сөзжасамдық тізбектің мына белгілерін атауға болады:


1. Сөзжасамдық тізбек - сөзжасамдық ұяның күрделі бірлігі.
2. Сөзжасамдық тізбектегі сөздердің сөзжасамдық қатынасы - иерархиялық қатынастағы сөздер тобы.
3. Сөзжасамдық тізбек мүшелері уәждемелі туынды сөздер.
4. Сөзжасамдық тізбектегі сөздер бір-бірімен мағыналас сөздер әрі түбірлес сөздер.

Сөзжасамдық тізбек бойындағы сөздердің (негіз сөз, туынды сөз) өзіне тән ішкі мағыналық және сыртқы дыбыстық жағына көңіл бөлінеді. Екінші сөзбен айтсақ, оның мағыналық, тұлғалық құрылымы танылады. Қазақ ғалымдары А.С.Тихоновтың сипаттамасын басшылыққа алған.

Сөзжасамдық ұя мүшелерінің бірі – сөзжасамдық тізбек. А.Н.Тихонов сөзжасамдық тізбекке мынадай анықтама береді. «Под словообразовательной цепочкой мы понимаем ряд однокоренных слов, находящихся в отношениях последовательной производности» (АДД, 1974, 35-с).

Қазақ тіл білімінде сөзжасамдық тарам ұғымына зерттеушілер бір лексикалық тұлғадан, сөзжасам термині бойынша бір түп негізден бірінші сатыда тараған туынды сөздер тобын жатқызып жүр. Кейде оны сөзжасам пардигмасы да деген ұғымға әкеледі. Парадигма - грек сөзі, пример, образец, үлгі деген түсінікті білдіреді. Тарам, парадигманың үш түрлі мағынасы танылады.

1) Кең түрде, кең түсінікте: лингвистикалық бірліктердің бір-біріне қарама-қарсылықтағы сондай-ақ ортақ жалпы белгілерімен біріктіруге көнетін кез-

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

келген тобы, класы. Немесе тарамдық қатыстағы тілдік бірліктер жинағы. М: С.Исаев еңбектеріндегі грамматикалық категория, септік категориясы, жақ категориялардың түсінігі.

2) Бір топ, класс жиынтығының модельдік, сызбалық көрінісі.

3) Тармағындағы лексикалық морфологиялық синтаксистік сөзжасамдық (Е. А.Земская М.М.).

Сөзжасамда І-сөзжасамдық сатыдағы

1-сөзжасамдық, жұптың мүшелері болған туындылар бір тарамға енеді.

Демек, бір деривациялық сатыдағы түбірлес сөздер деп те танылады. Тарамның тұрақты бөлшегі, элементі - уәждеме сөз, ауыспалы бөлшегі уәжділі сөз.

Сөзжасамдық тарам құрамындағы туынды түбірлер бір ғана негізден тік қатардағы бір сатыда жасалуы шарт. Мысалы: бас -басшы Мұндай тарам жиі кездеседі.

- басқар
- баспақ
- бассыз
- басты
- бастас
- бастық
- басыл

Сөзжасамдық тарам белгілері:


1) жұрнақ арқылы жасалады; 2) сөз табы жағынан тарамға енетін туындылар біркелкі емес; 3) бірінші сатыдағы сөздерден жасалады, кейде түрлі сатыдағы сөздерден жасала береді.

Мысалы өр сөзінен, түп негізден 24 туынды жасалады екен, онда 5 тарам бар, бұлар түрлі сатыдағы тарамдар:

- |                |              |              |
|----------------|--------------|--------------|
| өр - өрбі      | өр - өріссіз | өр - өрістел |
| өргіз          | - өрісті     | - өрістеп    |
| өрдір          | - өрісте     | - өрістет    |
| өріс           | - өртешіл    |              |
| - өрістес      |              |              |
| өр - өрістілік |              |              |
| өр - өрістетіл |              |              |

### ***Пайдаланылған әдебиет:***

1. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2003.
2. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы.- Алматы, 2002.
3. Есімсейітов Б. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектер. - ҚДА, 2002.

	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Пәннің оқу-әдістемелік кешені	Басылым: Бесінші
---	---	-------------------------------	---------------------

4. Есімсейітов Б. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектердің құрылысын синхрондық тұрғыдан сипаттау. - Шымкент, 2003.
5. Есенова Н. Сөзжасамдық тарам, оның ұя бірліктерімен байланысы. – ҚДА. – Алматы, 2005.

## №5 дәріс

### **Тақырыбы: Сөз таптарының сөзжасамы**

**Мақсаты:** Сөз таптары сөзжасамының құнарлылығын дәлелдейтін сөзжасам тәсілдері көрсеткіштерінің қызметін сипаттау; Сөз таптары сөзжасамының зерттелу жайынан мәлімет беру; Сөз таптары сөзжасамындағы сөзжасамдық заңдылықтардың, сөзжасамдық тип пен үлгінің көріністерін сөзжасам негізділігі тұрғысынан ашып көрсету, дәйектеу.

**Негізгі ұғымдар:** туынды лексикалық мағына, сөзжасамдық тип, сөзжасамдық үлгі, өнімді, өнімсіз жұрнақтар, аффиксоидтар қызметі, күрделі сөз, сөзжасамдық ая, сөзжасамдық өріс.


### **Дәріс жоспары:**

1. Сөз таптары сөзжасамының құнарлылығы, мәселенің зерттелу жайы.
2. Сын есім сөзжасамы
3. Етістік сөзжасамы
4. Аналитикалық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған туынды зат есімдер.
5. Лексика-семантикалық сөзжасам тәсілінің қатысы туралы.

### *Дәріс мәтіні*

Жеке сөз таптарының сөзжасамы – жалпы сөзжасам мәселесіне қатысты екінші сұрақ. Сөзжасам саласының нысаны не дегендегі зерттеушілердің пікірлерін айтқанбыз, сондықтан жеке сөз табының сөзжасамы, туындылық жайы сөзжасамға қатысты сұрақтарды анықтап алған соң, жалпы туынды екінші атауыштықтың сөз таптарындағы көрінісі тұрғысынан сөз етіледі. Сөз таптары сөзжасамы бірдей емес. Әсіресе зат есім, сын есім, етістік сөзжасамы басқа сөз таптарына қарағанда ауқымды. Мұнда сөзжасам тәсілдерінің бар түрі орын алады. Ал одағай, еліктеуіш сөзжасамы мардымсыз. Шылауда сөзжасам элементі мүлде жоқ. Әр сөз табының ерекшелігі бар. Тәсіл түрі зат есімнің дара, жалаң, күрделі құрамын анықтайды, ал семантикалық тәсіл көп мағыналы омоним субстантивтерде де жалаң, күрделі құрамда кездеседі. Демек, зат есімнің сөзжасамының тәсілдері мен оның құрылымдық типтері бір-бірімен тығыз байланыста.

Зерттелу жайы. Қазақ тіл білімінде туынды зат есімдердің жасалуына қатысты ой-пікірлер басқа сөз таптарына қарағанда мол. Мысалы, А.Байтұрсынов,

	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Пәннің оқу-әдістемелік кешені	Басылым: Бесінші
---	---	-------------------------------	---------------------

Қ.Жұбанов, А.Ысқақов, Ә.Төлеуов, Ә.Ибатов, Ғ.Қалиев, К.Бейсенбаева, З.Бейсенбаева, Қ.Шаяхметов, Б.Қасым, Н.Қоқышева, т.б. ғалымдар мен зерттеушілер атын атауға болады. Сондай-ақ орыс-қазақ тілдерінің салғастырмалы-типологиялық материалдары да бар (З.Өмірзақова).

Әр кезеңдегі зерттеулер тіл білімі дамуының көрсеткіші. Сондықтан А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов еңбектерінен бастап туынды зат есімнің жасалу жолдары үнемі назарда болғанын көреміз. Бірақ таза сөзжасам теориясының көріністері соңғы жылғы зерттеулерден ғана көрініс табады.


Соңғы кезде туынды зат есім жасаушы аффикстер қызметін көпқызметтік, семантикалық-сөзжасамдық өріс тұрғысынан, сөзжасамдық негізділік тұрғысынан жаңа бағытта зерттеген жұмыстар да бар. Мысалы, 1973 ж. К.Шаяхметовтың екі қызметті аффикстерге арналған кандидаттық диссертациясы, З.Өмірзақованың кәсіптік мамандықты білдіретін -шы, -ші, -гер, қосымшалардың сөзжасамдық аясы, Н.Қоқышеваның дене мүше атауларының сөзжасамдық мүмкіндігіне қатысты сөзжасамдық сатылардың жасалуы арқылы жұрнақ қызметінің, сөзжасам тәсілдерінің қорын көрсететін еңбектері.

Заттың түрлі сапа, белгісі, түр, түсі, өлшемі тағы сол сияқты белгілерді білдіруде тілде негізгі түбір яғни сапа сындарымен бірге сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған туынды сын есімдер де жұмсалады. Мысалы, көрікті, үркек, қорқақ, қызғаншақ, үштік баға т.б. сөздердің үлгісімен жасалғандығын көреміз, ал қызғаншақ сын есімі үлгісі көрінеді. Демек, туынды сын есім негізгі және туынды түбірлерден де жасалады.

Сан есімнің сөзжасам жүйесінің басқа сөз таптарынан ерекшелігі бар. Сан есім басқа сөз табынан жасалмайды, сан есім сөзжасамы өз ішінен шықпайды. Көне заманнан келе жатқан сандық атаулар. Олардың толығы арнасы жоқ (тек екі, үш сөз). Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде сан есімнің сөзжасамы белгілі дәрежеде қалыптасқан ондықтар екі атаумен екон – жиырма, төртон – қырық. Бізде қазір 1- ғана сақталған.

Есімдіктерді зерттеген ғалым А. Ибатов еңбегінде мынау, анау сілтеу есімдіктері мынау, анау сілтеу есімдіктері мын-а, ан-а сілтеу есімдіктері мен бу/ву сілтеу есімдіктерінің бірігуінен жасалған дейді. Бұл пікірді М. Томанов та жақтайды. Демек, мұнда жұрнақ я сөз деген пікір ашық қалып отыр.

Профессор А. Ысқақов бұл есімдіктер -у элементі арқылы жасалған дейді. Профессор Қ. Есенов (монографиядағы есімдік сөзжасамының авторы) -ау құранды жұрнақ, себебі сөздің ана, мына варианты кеңінен қолданылады, осынау, осынша, дегендегі -нау, осыншама, осынысы дегендегі -н элементінің қолданысы осыны көрсетеді дейді. Ал сан есімнен ауысқан біреу есімдігінде -еу жұрнақ дейді.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

Қазіргі қазақ тіліндегі туынды үстеулер қатарын танудың өзіндік қиындықтары да жоқ емес. Туынды үстеу жасауға сөзжасам тәсілдерінің дәстүрлі үш түрі де қатысады. Алайда олардың қызметінің өзәндәк ерекшеліктері де бар. Үстеу сөзжасамын зерттеушілер синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды үстеулердегі сөзжасамдық мағына мен грамматикалық мағынаның аражігін айыруда пікір бірізділігіне ие емес. Мысалы: қысқы күн, қыстың күні, жоғарырақ, зорға, босқа, текке т.б.

Етістік құрамы тілдегі сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған туынды етістіктермен толығып отырады. Қазақ тілінде етістік сөзжасамы ең құнарлы болып есептеледі. Сөз таптарының ішінен зат есім мен етістік сөз табына қатысты сөзжасам тәсілдері жайлы айтылған пікірлер, зерттеулер жеткілікті. Туынды етістік жасауға сөзжасам тәсілдерінің бәрі дерлік қатысады, ал белсенділік дәрежесі әр түрлі. Атап айту керек, қазіргі кезде сөзжасам теориясына қатысты жасалған зерттеулер мен туынды етістікті морфология тұрғысынан қарастырған зерттеу еңбектерінің ерекшеліктері бар. Зерттеушілер Ә.Қайдар, А.Ысқақов, А.Қалыбаева, Н.Оралбаева, Б.Қасым т.б. еңбектерінде етістік сөзжасамына қатысты мәселелер қамтылған. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды етістіктер туралы зерттеулер аз, бірлі-жарым мәліметтер ғана.

### ***Тұжырымдар:***


Сөз таптары сөзжасамы бірдей емес. Әсіресе зат есім, сын есім, етістік сөзжасамы басқа сөз таптарына қарағанда ауқымды. Мұнда сөзжасам тәсілдерінің бар түрі орын алады. Ал одағай, еліктеуіш сөзжасамы мардымсыз. Бақылау сұрақтары:

1. Сөз таптары сөзжасамының құнарлылығы, мәселенің зерттелу жайы.
2. Синтетикалық сөзжасам тәсілдерінің қызметі:
  - а) синтетикалық сөзжасам үлгісі, ондағы бірліктердің сипаты.
  - ә) түбірдің әр жақты көрінісі (өлі, туынды; дара, күрделі).
3. Аналитикалық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған туынды сөз таптары .
4. Лексика-семантикалық сөзжасам тәсілінің қатысы туралы.

### ***Дәріс бойынша әдістемелік нұсқау***

Дәрісте қарастырылған мәселелерді толық меңгеру үшін дәріс мазмұнындағы негізгі ұғымдарға, олардың беретін мағынасына, қызметіне, қолданысына ерекше назар аударып, негізгі мәселеге байланысты ғылыми тұжырымдарды салыстырып, саралау қажет.

### ***Пайдаланылған әдебиет:***

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1992.
2. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002. 114-136 бб.
3. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Монография. – Алматы, 1989, 102-204, 204-224 бб.
4. Төлеуов Ә. Қазақ тілінде зат есім мен сын есім тудыратын сұрақтар. - Алматы, 1956.
5. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2003.
6. Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы. I том. – Алматы, 1967, 82-83 б.
7. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1988. 19-35, 98-103 б.
8. Таңсықбаева Б. Үстеудің сөзжасамы. ДДА - Алматы, 2007.
9. Қалыбаева А. Қазақ тіліндегі туынды түбір етістіктер. – Алматы, 1959.

## №6 - дәріс

**Тақырыбы:** Грамматика және салалары. Негізгі грамматикалық ұғымдар

**Мақсаты:** Тілдегі негізгі грамматикалық ұғымдар, олардың қызметі, арақатынасы туралы ғылыми тұжырымдарға шолу жасап, өзіндік белгілерін саралау.

**Дәріс жоспары:**


1. Грамматикалық мағына, оның түрлері
2. Грамматикалық форма, оның грамматикалық мағынамен арақатынасы.
3. Грамматикалық категориялар, олардың сөз таптарына қатысы.

**Тақырып бойынша негізгі ұғымдар:** грамматикалық мағына, грамматикалық форма, нөлдік форма, морф, грамматикалық категория, семантикалық, синтетикалық, аналитикалық тәсілдер.

### Дәріс мәтіні:

Грамматикалық бірліктердің тілдік табиғатын, өзара байланысы мен қызметін, арақатынасын анықтау негізгі грамматикалық ұғымдармен тікелей байланысты. Грамматикалық ұғымдар қатарын анықтауда түрліше көзқарастар кездеседі. Мәселен, К. Аханов тілдегі негізгі грамматикалық ұғымдарға грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық тәсіл және грамматикалық категорияларды жатқызса [1, 8], Ә. Хасенов бұл ұғымдарды грамматиканың негізгі нысаны ретінде қарастырады [2, 203/].



	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Пәннің оқу-әдістемелік кешені	Басылым: Бесінші
---	---	-------------------------------	---------------------

«Қазақ грамматикасында» да ең басты грамматикалық ұғымдарға грамматикалық мағына, грамматикалық форма және грамматикалық категория жатқызылады [3, 415].

Жоғарыда келтірілген тұжырымдарды саралай келіп, грамматикалық ұғымдардың негізгі үш түрін – грамматикалық мағына, грамматикалық форма және грамматикалық категорияны да бөліп көрсетуге болады. Ал грамматикалық тәсіл грамматикалық форманың ішінде қарастырылады.

Грамматикалық мағына ұғымының табиғаты да біркелкі емес [4, 185]. Оған ғылыми еңбектерде осы ұғымға түрліше беріліп жүрген анықтамалар мен пікірлер дәлел бола алады. Грамматикалық мағына, берілу жолдары, тілдің грамматикалық құрлысынан алатын орны, грамматикалық категория жасауға негіз болуына және басқа сөздермен түрлі грамматикалық қатынасқа түсуіне қарай үшке бөлінеді: жалпы грамматикалық мағына, категориялық грамматикалық мағына және қатыстық грамматикалық мағына.


Грамматикалық мағынаны ішкі ерекшелігіне қарай жалпы грамматикалық мағына және жеке грамматикалық мағына деп бөлуші пікірлер де бар [5, 11]. Қатыстық грамматикалық мағына мен категориялық грамматикалық мағынаны жеке грамматикалық мағынаның ішінде қарастырады.

Грамматикалық мағынаның берілу тәсілдері жөніндегі пікірлер біркелкі емес. Ә. Хасенов, К.Аханов оның екі түрін, яғни синтетикалық және аналитикалық тәсілдерді көрсетсе [1, 15; 2, 411], «Қазақ грамматикасында» грамматикалық мағынаны білдірудің семантикалық, синтетикалық және аналитикалық тәрізді үш тәсілі, аталған тәсілдер арқылы берілетін бірнеше жолдары көрсетіледі [3, 419].

Грамматикалық мағынаның берілу тәсілдері мен түрлері әрбір тілдің құрылымдық сипатына қарай әркелкі. Соның ішінде қазақ тілінің жалғамалық қасиетіне байланысты грамматикалық мағына белгілі бір тәсілдермен беріледі. Грамматикалық форма дегеніміз – грамматикалық мағына туғызушы тілдік құралдар [4, 227]. Грамматикалық мағынаның барлық түрі тек грамматикалық формалар арқылы жасалмайтыны белгілі. Сондықтан грамматикалық форманы грамматикалық мағына жасаушы тілдік құралдардың бір түрі деп қараған жөн. Грамматикалық форма белгілі бір парадигмалық жүйенің бір көрінісі болып табылады.

Грамматикалық мағынаның ешбір грамматикалық формасыз берілетін жағдайлары да кездеседі. Бұл құбылыс морфология саласында нөлдік форма ұғымымен түсіндіріледі. Нөлдік форма мен грамматикалық форма грамматикалық мағына білдірудегі қызметімен ерекшеленеді.

Нөлдік форманың өзіндік белгілерін анықтауда С. Исаев, Н. Оралбаева, Ы. Маманов, Ж. Балтабаева т.б. оның түрлі ерекшеліктеріне көңіл бөледі. Мәселен, С. Исаев, Н. Оралбаева «белгіленушісі, яғни мағынасы бар»,

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

«сөздердің түрлену жүйесінен, парадигмадан орын алады», «парадигмада оппозиция болады» десе, Ә. Төлеуов, Н. Сауранбаев, Ж. Балтабаевалар «қосымша сөзге бірде жалғанып, бірде жалғанбай қолданылады, бірақ жалғанбаса да мағына білдіреді» деген тұжырым жасайды [6, 13]. Бұған алдыңғы ғалымдар да қосылады.

Нөлдік форма сырттай түбір тұлғамен ұқсас болғанымен, сөз түбірінің барлығын грамматикалық нөлдік форма деп қарауға болмайды.

Грамматикалық форма сөйлеу процесінде сөздерді өзара байланыстырып, әр түрлі грамматикалық мағына үстейді.

Грамматикалық категория – грамматикалық мағына мен грамматикалық форма жүйесінің жиынтығы. Тіл ғылымында грамматикалық категория ұғымының мәні мен түрлеріне қатысты айқындауды қажет ететін мәселелер аз емес [3, 188].

Грамматикалық категория әрі өзара тектес, мәндес, ыңғайлас, әрі бір-біріне қарама-қайшы мәндегі бірнеше грамматикалық мағынада тұрып, белгілі бір грамматикалық топтағы сөздердің түрлену жүйесі ретінде ерекшеленеді. Бұдан грамматикалық категориялардың сөз таптарына қатысы бірдей еместігі, атап айтқанда парадигмалық тұлғамен түрленетін сөз таптарына ғана (зат есім, сапалық сын есім, етістік) тән екендігі көрінеді.

Тілдік деңгейге қатысты грамматикалық категориялар шартты түрде морфологиялық және синтаксистік категория, морфологиялық сипаты жағынан лексика-грамматикалық және таза грамматикалық болып бөлінеді [3, 436], (Қазақ тілі грамматикасы, Астана, 2002).


Жалпы тіл ғылымында грамматикалық категориялардың бірнеше түрлері көрсетіледі. Бірақ әрбір тілде олардың қолданысы әр түрлі. Бұл қазақ тілінің морфологиялық жүйесіне де тән.

#### ***Тұжырымдар:***

1. Грамматикалық мағына сөйлеу үдерісінде лексикалық мағынаның жалпылануынан, арнайы грамматикалық формалар арқылы немесе сөздің басқа сөздермен тіркесуінен туындайды.
2. Грамматикалық форма – грамматикалық мағына жасаушы тілдік құралдардың бірі.
3. Грамматикалық категория сөздердің белгілі грамматикалық топтарының грамматикалық ерекше сипаты болып табылады.

#### ***Бақылау сұрақтары:***

1. Грамматикалық мағына
2. Грамматикалық форма
3. Грамматикалық категория
4. Сөз форма

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

### *Дәріс бойынша әдістемелік нұсқау*

Дәрісте қарастырылған мәселелерді толық меңгеру үшін дәріс мазмұнындағы негізгі ұғымдарға, олардың беретін мағынасына, қызметіне, қолданысына ерекше назар аударып, негізгі мәселеге байланысты ғылыми тұжырымдарды салыстырып, саралау қажет.

### *Пайдаланылған әдебиет:*

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996.
2. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996.
3. Қазақ грамматикасы. – Астана: 2002.
4. Исаев С. Қазақ тілі жайында ойлар. – Алматы, 1997.
5. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
6. Омарова А. Қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функционалдық және семантикалық аспектісі//ДДА. – Алматы, 2006.

### **№7 - дәріс**

**Тақырыбы:** Зат есім, лексика - грамматикалық сипаты.

**Мақсаты:** Зат есімнің негізгі сөз таптарына жататыны, сөз табы ретіндегі лексика-семантикалық, грамматикалық белгілері, зат есімнің грамматикалық категориялары және түрлену жүйесі туралы түсінік беру.

**Дәріс жоспары:**

1. Зат есімнің лексика-семантикалық және грамматикалық құрылымы, сипаты
2. Зат есімнің грамматикалық категориялары және парадигмасы
3. Көмекші есімдер

**Негізгі ұғымдар:** абстракция, парадигма, жекелік, көптік, тәуелдік, септік категориялары, жай септеу, тәуелді септеу, ортақ және оңаша тәуелдену.


### *Дәріс мәтіні*

Сөз таптарының ішінде грамматикалық құрылысы, синтаксистік қызметі жағынан ерекшеленетін негізгі сөз таптарының бірі – зат есім.

Зат есім – заттың атын, жанды-жансыз ұғымдардың атауын білдіріп, сөйлемде негізінен бастауыш пен толықтауыш болатын толық мағыналы сөздер табы [1, 95].

Зат есімдердің жеке сөз табы ретіндегі лексика-грамматикалық ерекшеліктері оның мағыналық және құрылымдық топтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Зат есімдер мағыналық сипатына қарай бірнеше топқа бөлінеді.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

А. Байтұрсынов зат есімдерді семантикалық сипатына қарай деректі, дерексіз, жалпы, жалқы [2, 203], А. Ысқақов нақты, абстрактілік, жалпы, жалқы, даралау, жинақтау, жеке және топтау деп бөледі [3, 195].

А. Ысқақов эмоциялы-экспрессивтік, персондық, бейперсондық зат есімдерді де зат есімнің семантикалық және грамматикалық ерекшеліктері бар тобы ретінде көрсетеді [сонда].

Н. Оралбай зат есімдерді адамзат, ғаламзат атаулары; жалпы, жалқы зат есімдер; деректі-дерексіз; дара жинақтық мағыналы; әр түрлі реңк мәнді зат есімдер тәрізді топтарға бөледі [4, 86].

«Қазақ грамматикасында» зат есімнің лексика-грамматикалық топтары адамзат, ғаламзат, жалпы және жалқы, көптік мәнді, реңдік және үстеулік мәнді, эмоция-экспрессия реңі бар түрлерге жіктелген [5, 442].

Зат есімнің мағыналық топтарының ішінде адамзат және ғаламзат есімдері бұған дейінгі еңбектерде кімдік, нелік, бейперсондық, персондық болып түрліше аталып келген.


Морфологиялық құрылымы жағынан зат есімдер, түбір, туынды сөздерден, біріккен, қос, қысқарған сөздерден, сондай-ақ күрделі құрылымнан тұрады.

Зат есімдердің түрлену жүйесі оның грамматикалық категорияларымен анықталады. Грамматикалық категорияларға қатысы тұрғысынан көптелу, септелу, тәуелдену жүйесіндегі мағыналық ерекшеліктері көптік, септік, тәуелдік категорияларымен байланысты.

Зат есімдердің сан-мөлшерлік, тәуелділік немесе меншіктілік-объективтілік сияқты грамматикалық мағыналары және олардың сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық қарым-қатынасқа түсуі көптік, тәуелдік және септік жалғаулары арқылы жүзеге асады.

Көптік жалғауының жалғануы зат есімдерді жекеше, көпше топтарға бөлуге ғана негіз болмай, өзі жалғанған сөздерге көптік мағынамен қатар жинақтау, сый тұту, құрметтеу, тұспалдау, болжау мағыналарын да үстейді. Көптік жалғауының қолданысындағы мұндай ерекшеліктер оның жалпы сөз бен сөзді байланыстырушылық қызметінен басқа да қызмет атқаруынан көрінеді. А. Ысқақов, С. Исаевтардың еңбектерінде көптік жалғауының қызметіндегі мұндай ерекшеліктер кеңірек қарастырылып, ғылыми негізде дәлелденген.

Зат есімдердің тәуелденуі, яғни тәуелдік категориясы – түркі тілдерін басқа жүйедегі тілдерден құрылымдық жағынан ерекшелендіретін белгілердің бірі. Белгілі бір заттың иеленуші үш жақтың біріне меншіктілігін білдіруде тәуелдік категориясы арқылы меншіктеуші жақ пен меншіктелуші зат қатар көрсетіледі. Осы орайда тәуелдік категориясының бір тәсілі ретінде тәуелдік жалғаулары да ерекше қызмет атқарады. Түркі тілдеріндегі тәуелдеу категориясы бір заттың екінші затқа меншіктелуін ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге оның қай жаққа қатысты екендігін де білдіреді [6, 150].

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

Зат есімдер грамматикалық және кеңістікті білдіретін септік жалғаулары арқылы түрлену жүйесіне түседі. Септік категориясы – есім сөздердің ішінде зат есімдерге тән грамматикалық категориялардың бірі. Септік жалғаулары арқылы зат есімдер өзара бір-бірімен немесе басқа сөздермен байланысқа түседі. Соның нәтижесінде грамматикалық тұрғыдан құрылымдық және мағыналық өзгеріске ұшырайды.

Септік жалғаулары тек зат есімге немесе зат есімдердің орнына жүретін сөздерге ғана тән. Ал басқа сөз таптарының септік жалғауларын қабылдауы заттану, яғни субстантивтенумен байланысты.

Зат есімнің грамматикалық тұрғыдан өзгеріске түсуінің бір жолы – оның жіктелуі [5, 458].

Бірақ зат есімдердің барлығы бірдей жіктік жалғауын қабылдай бермейді. Олардың ішінде адамға, оның кәсібіне, қызметіне, тегіне, мамандығына қатысты зат есімдер ғана жіктеледі.

Ғалым Н. Оралбай зат есімдердің жіктелуін олардың синтаксистік қызметімен байланыстырады [4, 125]. Жіктік жалғаулары баяндауыш болатын сөздерге жалғанатындықтан, зат есімдер де баяндауыш қызметінде жіктеу жүйесімен толық түрленеді.


Ал басқа мағыналық топтары қолданылу ыңғайына қарай субъектілік мәнге ие болған жағдайда ғана жіктік жалғауын қабылдайды.

Зат есімдердің ішінде түпкілікті мағынасы мен қызметінен бүтіндей не жартылай айырылып көмекші сөз қызметінде қолданылатын сөздер де бар. Ондай сөздер көмекші есімдер болып табылады. Олар өздеріне тән лексикалық мағыналары нәтижесінде морфологиялық жағынан зат есімдерше түрленіп, синтаксистік жағынан кейде жеке дара мүше есебінде, кейде күрделі мүше құрамында қолданылып отырады.

Көмекші есімдердің зат есімдерден айырмашылығы: мағыналық жағынан дерексізденуі және семантикалық тұрғыдан нақтылы бір ұғымды өзінен бұрын тұрған есім сөзге тіркесу арқылы ғана білдіруінде.

Тілдегі көмекші есімдер білдіретін мағынасының сипатына қарай горизонталь бағыттағы кеңістік қатынасты, вертикаль бағыттағы кеңістік қатынасты және көлемдік кеңістік қатынасты білдіретін көмекші есімдер болып үш топқа бөлінеді [5, 458].

А. Ысқақов көмекші есімдердің бойында зат есімдерге тән семантикалық дербестік те, морфологиялық жағынан дәл сол зат есімдердей түрлену қабілеті де толық сақталатындығын айта отырып, синтаксистік қызметі мен морфологиялық формаларында бір-бірінен айырмашылық болмайтындықтан олардың семантикалық жағынан мағынасына қарай синонимдес (мәндес) және антонимдес (қарсы мәндес) болып келетінін ескертеді [3, 208].

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

Сондай-ақ негізгі сөздерге үстейтін қосымша мағыналарына қарай көлемдік және мезгілдік қатынастарды білдіретіндігін де атап өтеді.

Н. Оралбай «көмекші есім септік жалғауын тіркестіретін саты, жалғастырушы қызметін атқарады» [4, 116] дей келе, көмекші есімдерді септік категориясының бір көрсеткіші ретінде қарастырады.

Сан жағынан аздығына қарамастан, көмекші есімдердің қолданылу өрісі кең. Соған орай олар тілімізде зат есімдермен тіркесіп немесе дербес түрде ерекше қызмет атқарады. Семантикалық сипаты мен грамматикалық қолданысындағы осындай белгілері көмекші есімдер жалпы көмекші сөзден, оның ішінде шылаулардан ерекшеленеді.

### ***Тұжырымдар***

1. Зат есімдер мағыналық және құрылымдық жағынан ерекшеленеді.
2. Зат есімдердің грамматикалық категориялары – оның түрлену жүйесінің негізі.
3. Көмекші есімдер – зат есімдердің септік категориясының ерекше бір түрі.

### ***Бақылау сұрақтары:***


1. Зат есімнің лексика-грамматикалық сипаты

#### ***Дәріс бойынша әдістемелік нұсқау***

Зат есімдердің лексика-грамматикалық сипаты, грамматикалық категориялары, түрленуі және көмекші есімдердің мағыналық-қолданыстық ерекшеліктерін толық меңгеру үшін аталған мәселелерге қатысты негізгі ұғымдарға көңіл бөліп, осы орайда айтылған ғылыми тұжырымдарды өз бетімен тереңдете қарастырған жөн.

### ***Пайдаланылған әдебиет:***

1. Салқынбай А. Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы 1992.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1992.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
5. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
6. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996.
7. Шәкенов Ж., Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімдер категориясы. – Алматы, 1961
8. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

## №8-дәріс

### **Тақырыбы:Сын есім, лексика - грамматикалық сипаты**

Сын есім. Семантикалық мағынасы, морфологиялық сипаты, синтаксистік қызметі

**Мақсаты:** Сын есімнің мағыналық, грамматикалық ерекшеліктері, семантикалық топтары, шырай категориясы, басқа сөз таптарының сын есімге ауысуы туралы түсінік беру.

### **Дәріс жоспары:**

- 1.Сын есімнің лексика-грамматикалық сипаты, ерекшелігі.
- 2.Сапалық сын есімнің шырай категориясы.
- 3.Субстантивтену және адвербиалдану құбылыстары.

**Негізгі ұғымдар:** Сапалық, қатыстық сын есімдер, субстантивтену, адвербиалдану, адъективтену, шырай, салыстырмалы, асырмалы, күшейтпелі, бәсең шырай, делексикалану, деформалану, конверсия.


### **Дәріс мәтіні**

Сын есімдер – заттың салмағын, сапасын, сипатын, түр-түсін, көлемін, аумағын, басқа да түрлі сындық белгілерін білдіретін сөз табы. Осыған орай сын есімдер басқа сөз таптарынан өзіндік мағынасы, морфологиялық белгілері және синтаксистік қызметі жағынан ерекшеленеді.

Сын есімдердің сөз табы ретіндегі ерекшелігін, өзіне тән белгілерін айқындауға қатысты түрліше көзқарастар да бар. Мәселен, «Қазақ тілінің грамматикасында» (І б, 1934) І. Кеңесбаев, С. Аманжолов анықтауыш қызметіндегі сөздердің барлығын (күміс, шай (қасық)) сын есім деп, сын есімдерді мағыналық жағынан бөлгенде де, екі зат есімнің тіркесіндегі анықтауыш қызметін атқарып тұрған алдыңғы зат есімді тек сыны және функционалдық сын деп қарастырды.

Сондай-ақ зат есімнің грамматикалық категорияларын сын есімге де ортақ деп қарайтын пікірлер болды. Мұндай пікірлердің қалыптасуына сын есімнің зат есімнен толық бөлініп шығуына және оны жеке сөз табы ретінде тануға негіз болатын басты белгілердің анықталмауы себеп болды.

Сын есімді өз алдына жеке сөз табы ретінде тануға Ғ. Мұсабаев, Ж. Шәкенов т.б. ғалымдардың пікірлері негіз болды. Ғ. Мұсабаев, біріншіден, сын есімді зат есімнен бөліп алуға негіз онда форманттың жоқтығы, екіншіден, сын есімнің синтаксистік қызметі, негізінен анықтауыш екендігін айта отырып, осы белгілер оны жеке сөз табы ретінде тануға негіз болатындығын көрсетеді

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

/1,3/. Ал Ж. Шәкенов сын есім мәселесінде бұрын-соңды айтылған пікірлерді қамти отырып, қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясын белгілі жүйеге түсіріп қарастырады. «Қазақ грамматикасында» сын есімнің бірнеше маңызды белгілері атап көрсетіледі (2, 460).

Сын есімді мағынасына қарай жүйелеуде де түрлі көзқарастар болды. Мәселен, А. Байтұрсынов оны тек сыны, сыр сыны деп екіге бөлсе, Н. Сауранбаев оның сыр сыны, қатыстық сын, өнер сыны, салыстырмалы сын тәрізді төрт түрін көрсетеді.

Қатыстық сын есімдер негізінен сөз тудырушы жұрнақтар арқылы басқа сөз таптарынан жасалады. Бірақ бұдан қатыстық сын есімдер ғана туынды түбірлі болып келеді, ал сапалық сын есімдер тек негізгі түбірлерден ғана жасалады деген ұғым тумауы керек, Ы. Маманов туынды сын есімдердің барлығын жаппай қатыстық деп танитын жалаң формальды көзқарасты сынға ала отырып, сапалық сынды қатыстық сыннан ажыратудың басты белгісі ретінде сын есімдердің шырай формаларымен түрлену-түрленбеуін ұсынады /3, 11/. Сондықтан шырай жұрнақтарын қабылдайтын негізгі және туынды сын есімдер сапалық, ал шырай шырай жұрнақтарын қабылдамайтын сын есімдер қатыстық болып табылады. Сын есімнің мағыналық топтарының арасындағы айырмашылық сапалық сындардың заттың түрлі белгісімен қатар қимылды да анықтауы және түрленуі, ал қатыстық сындардың тек заттың ғана түрлі затқа не қимыл-әрекетке қатысты белгілерін анықтаумен сипатталады.

Сын есімдер морфологиялық құрамы жағынан жалаң және күрделі болып бөлінеді. Жалаң сын есімдер негізгі және туынды түбірлі болып бөлінеді. Күрделі сын есімдер кем дегенде екі сөзден құралып, бір бүтін күрделі тілдік бірлік ретінде қолданылады.


Шырай категориясы – заттың бір түрлі сындық белгісінің түрлі дәрежеде болуын білдіретін грамматикалық категория. Грамматикалық категорияның бұл түрі сапалық сын есімге тән.

Тіл үнемі даму үстінде болды. Соған орай тілдік бірліктер, оның ішінде сөз таптары, оның лексика-семантикалық топтарының арасында өзара ауысулар болып отырады. Бұл құбылыс қатыстық сын есім мен сапалық сын есімдерге де тән. Қатыстықтан сапалыққа ауысқан сын есімдер өзгеріске ұшырап, яғни қатыстық мағынадан сапалық мәнге ауысып, соның нәтижесінде шырай жұрнағын қабылдайды.

Сонымен шырай категориясы сапалық сын есімнің семантикалық және грамматикалық жағынан түрленуіне негіз болып, бастапқы мағынасы түбегейлі өзгертпегенмен, оған сәл де болса қосымша реңк, мән үстейді.

Шырай жұрнақтарының қызметіне қатысты да түрліше көзқарастар кездеседі. Ғ. Мұсабаев -ғыл, -ғылт, -ғылтым, -шыл, -шіл жұрнақтарын шағын шырай деп қараса, Ы. Маманов оларды «сөз тудырушы қосымшаға жатқызады. Ғалым



	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Пәннің оқу-әдістемелік кешені	Басылым: Бесінші
---	---	-------------------------------	---------------------

оған «аталған қосымшалардың, біріншіден, сапалық сын есімдердің бәріне жалғана бермей, сөз тудырушы жұрнақтар тәрізді сөзге талғап жалғанатынын, екіншіден, бұл қосымшалардан соң -лау, -леу, -рақ, -рек формаларының жалғана беретіндігін» дәлел ретінде келтіреді [3, 10].

«Қазақ грамматикасында» аталған қосымшаларды салыстырмалы шырай жұрнақтары ретінде қарастырып, одан кейін шырай жұрнақтарының жалғануын тілдік құбылыстардың, заңдылықтардың өзгеріп отыруымен байланысты түсіндіреді.

Сондықтан сапалық сын есімнің шырай категориясының түрлері, шырай формалары, олардың қызметіне қатысты кейбір мәселелер әлі де болса нақтылауды қажет етеді.

Сөз таптарының өзара қарым-қатынасы мәселесінде сын есімдердің зат есіммен және үстеумен байланысын да ескерген жөн. Бұл байланыс тілде субстантивтену және адвербиалдану құбылыстарымен түсіндіріледі. Сын есім, зат есім, үстеу сөз таптарының бірінің орнына бірі алмасып қолданылуы бір жақты құбылыс емес.

Жоғарыда аталған құбылыстарға қарама-қарсы, яғни басқа сөз таптарынан сын есімге ауысатын сөздер де бар.

Субстантивтену – сын есімнің және басқа да сөз таптарының зат есім орнына қолданылуы.

Адъективтену – зат есімнің және басқа да сөз таптарының сын есім орнына қолданылуы.

Адвербиалдану – сапалық сын есімдердің үстеу орнына жұмсалуды.


Адъективтену құбылысы сын есімнің семантикалық тәсіл арқылы жасалуы ретінде де қарастырылады /4 262/. Оған тілдегі алаған, береген, қабаған тәріздес сөздер дәлел бола алады.

Сондай-ақ бастапқы мағынаның делексикалануы немесе бастапқы тұлғасының өзгеруі, яғни деформалануы арқылы да қалыптасқан сын есімдер осы құбылыстың нәтижесі.

«Қазақ грамматикасында» (2002) адъективтену құбылысын құрамына қарай жалаң, күрделі, шығу тегіне қарай сын есімді, етістік негізді және аралас түрдегі адъектив деп бөледі.

Ал сын есімдерге септік, көптік, тәуелдік жалғауларының бірі жалғанып қолданылуы субстантивтену, яғни заттану құбылысымен байланысты. Н. Оралбаева сын есімнің заттануын контекстік және лексикалық заттану деп екіге бөледі /5, 159/.

А. Ысқақов кейбір сын есімнің әрі анықтауыш, әрі пысықтауыш болуын, сондай-ақ оның әрі зат есімге, әрі етістікке тіркесуін сын есімге тән ерекшеліктің бірі деп танып, онда (сын есімде) әрі адъективтік, әрі адвербиалдық қызмет бар екендігін айтады (4, 239).

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

Сондықтан аталған сөз табының бойында субстантивтенумен қатар адвербиалдануға да бейімділік бар.

Бұдан адвербиалдану құбылысының сын есімдердің сапалық түріне ғана тән екендігі белгілі. Алайда қатыстық сын есімдер адвербиалданбайды деуге де толық негіз жоқ. Ол тілдің үнемі даму үстінде болатын құбылыс екендігімен түсіндіріледі.

### ***Тұжырымдар***

1. Сын есім семантикалық сипаты мен грамматикалық құрылымы тұрғысынан өзіндік ерекшеліктері бар дербес сөз табы.
2. Сын есімдердің басқа сөз таптарымен қарым-қатынасы белгілі бір конверсиялық құбылыстар арқылы жүзеге асады.
3. Шырай категориясы сапалық сын есімнің тұлғалану сипаты болып табылады.

### ***Бақылау сұрақтары:***

1. Сын есімдердің зат есімдерден, үстеулерден ажырату тәсілдері, категориялық белгілер

### ***Дәріс бойынша әдістемелік нұсқау***


Сын есімдердің дербес сөз табы ретіндегі лексика-грамматикалық сипатын, шырай категориясының сапалық сын есімдермен арақатынасын тереңірек меңгеру мақсатында қарастырылған мәселелерге қатысты ғылыми тұжырымдарды салыстыра саралаған жөн.

### ***Пайдаланылған әдебиет:***

1. Салқынбай А. Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы 1992.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1992.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
5. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
6. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996.
7. Шәкенов Ж., Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімдер категориясы. – Алматы, 1961
8. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007.

### **№9 - дәріс**

***Тақырыбы:*** Сан есімнің лексика-грамматикалық сипаты.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

**Мақсаты:** қазақ тіліндегі сан есімдердің сөз таптары жүйесіндегі орны, ерекшелігі, мағыналық топтары туралы мәлімет беру, есімдіктің жалпы тіл білімінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде зерттелуіне шолу жасай отырып, лексика-грамматикалық ерекшелігі, мағыналық топтары, түрлену жүйесі туралы түсінік беру.

**Дәріс жоспары:**

1. Сан есім, оның сөз табы ретіндегі ерекшелігі.
2. Сан есімнің мағыналық топтары.
3. Синтаксистік қызметі.
4. Есімдіктердің зерттелуі.
5. Есімдіктердің лексика-грамматикалық сипаты.

**Негізгі ұғымдар:** жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, белгісіздік, болжалдық, жалпылау есімдіктері, прономиналдану, субстантивтік, атрибутивтік, дейкисис, есептік, реттік, болжалдық, жинақтық, бөлшектік, топтау.

### *Дәріс мәтіні*


Сөз таптарының ішінде есімдер тобына сан есімдер де жатады. Мағыналық және қызмет сипатына қарай сан есімдер сын есімдерге ұқсас келеді. Ол ұқсастық: сын есімдер заттың түрлі сындық белгісін білдірсе, сан есімдер зат есімдермен тікелей байланысып, заттық ұғымның әр түрлі сандық сипатын білдіреді.

Мысалы, қалың кітап – төрт кітап, әдемі қалам – он қалам т.с.с. Сан есімдер де, сын есімдер сияқты, зат есіммен тікелей тіркеседі. Бірақ сан есімнің сын есімнен ерекшелігі: зат есіммен тіркеспей де қолданылуында.

Зат есіммен тіркесіп не тіркеспей жеке-дара қолданылуы сан есімнің семантикасына да әсер етеді. Сан есімдердің жалпы сандық ұғымдардың (бір, бес, жеті т.б.) атауын білдіруі олардың зат есімсіз қолданысына байланысты. Ал кері жағдайда, яғни зат есіммен тіркескенде олар жалпы сандық ұғымды емес, өзі тіркескен заттың нақты, дәл санына қатысты мағынасын білдіреді. Мысалы: бес-бес студент, 201-екі жүз бесінші бөлме. Мұның алғашқыларында мағына жалпы, абстракциялы, ал соңғыларында нақты.

Бұдан сан есімдердің нақты сандық ұғымды білдіруі зат есімдермен тіркесіп қолданылуына байланысты екендігі көрінеді.

Басқа да бірқатар тілдердегі сияқты, қазіргі қазақ тілінде де сан есімдер – дербес сөз табы. Қазақ тіліндегі сан есімдердің ерекшелігі алуан түрлі /1,294/. Ол ерекшеліктер сан есімдер тобындағы сандық атауды білдіретін сөздердің лексика-грамматикалық және грамматикалық сипатымен, қызметімен байланысты сипатталады.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

Морфологиялық құрамы жағынан сан есімдер дара және күрделі болып бөлінеді. Дара сан есімдерге негізгі және туынды сан есімдер жатады.

Бұл орайда А.Ысқақовтың пікіріне баса назар аударуға болады. Ғалым күрделі сан есімдердің жасалу жолын қосылмалы және көбейтілмелі жол деп екіге бөліп атап көрсетеді /2, 284/.

Тілімізде семантикалық жағынан сандық ұғымды білдіретін, бірақ сан атауы ретінде қолданылмайтын сөздер де бар. Мұндай сан мағыналы сөздердің ғалым Ә.Хасенов үш түрін көрсетеді:

- 1) сан есімнің тура, яғни дәл сан мағынасын білдіретін сөздер;
- 2) абстрактылы сан ұғымды сөздер;
- 3) сәттік (нумеративтік) сөздер /1, 300/.

«Қазақ грамматикасында» мұндай сөздерді салмақ, көлем, қалыңдық, қашықтық, ұзындық және т.б. топтарға бөліп көрсетеді /3, 470/. Аталған сөздер сандық ұғымда қолданылғанмен, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай сан есімдерден басқа сөз таптарының ішінде қарастырылады.


Сан есімдер түрленбейтін сөз табы бола тұра, оның кейбір мағыналық топтарының жасалуында септік, көптік жалғауларының қолданылатыны тілде қалыптасқан заңдылық. Сан есімдер құрамындағы мұндай қосымшалардың сөз тудырушы бірліктер ретінде қаралып жүргендігі де белгілі.

Ғалым Ы. Мамановтың алты-алтыдан, бесінші, он бестер тәрізді сөздердің құрамындағы қосымшаларды «сөз тудырушы емес, сөздің грамматикалық формасын жасаушы бірліктер санатына жатқызуы» /5,11/ сан есімдер құрамындағы грамматикалық формалардың мағыналық қырларын кеңінен қарастыруды қажет етеді.

Сан есімнің сөйлемдегі атқаратын негізгі қызметі анықтауыш екендігі белгілі. Алайда сан есімдер тек заттың сан мөлшерін ғана анықтамайды. Сонымен қатар белгілі бір сөз таптарымен де синтаксистік байланысқа түсіп, нәтижесінде сөйлемде анықтауыштан басқа да сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалады.

### ***Тұжырымдар:***

1. Сан есімдер – лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктері бар есім сөз таптарының бірі.
2. Сан есімдер басқа сөз таптарынан морфологиялық және жасалу жолы жағынан ерекшеленеді.
3. Сан есімдердің грамматикалық мағынасын грамматикалық формалардың мағыналық бір қырын танытады.
4. Есімдік затқа, заттық белгіге қатысты ұғымдарды ықшамдап жеткізуші сөз табы ретінде мағыналық сипатының жалпылығымен ерекшеленді.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

5. Өзіне тән түрлену жүйесі, грамматикалық категорияларының болмауына қарамастан, орынбасар сөз табы қызметінде түрлене алады.
6. Мағыналық ерекшеліктерінің ішкі сипатына қарай олар жеті түрге бөлінеді.

***Бақылау сұрақтары:***

1. Сан есімдердің семантика-морфологиялық топтары

***Дәріс бойынша әдістемелік нұсқау***

Дәріс мәтінінде келтірілген тұжырымдар негізінде сан есімнің сөз табы ретіндегі ерекшелігі, морфологиялық сипаты, мағыналық топтары, басқа сөз таптарымен байланысы туралы қосымша ақпарат алу, дәріс мәтінінде келтірілген тұжырымдар негізінде есімдіктің сөз табы ретіндегі өзіндік ерекшеліктері мен белгілері, орынбасар сөз қызметіндегі түрлену сипаты, қолданысы мен тұлғалық белгілеріне қатысты қосымша білім қорын жинау.

***Пайдаланылған әдебиет:***


1. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы, 1992.
3. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
5. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007.
6. Ибатов Ә. Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан. – Алматы, 1966.
7. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002
8. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007
9. Салқынбай А. Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998

**№10 - дәріс**

***Тақырыбы:*** Есімдік, мағыналық топтары, түрлену жүйесіндегі ерекшелігі  
***Мақсаты:*** қазақ тіліндегі сан есімдердің сөз таптары жүйесіндегі орны, ерекшелігі, мағыналық топтары туралы мәлімет беру, есімдіктің жалпы тіл білімінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде зерттелуіне шолу жасай отырып, лексика-грамматикалық ерекшелігі, мағыналық топтары, түрлену жүйесі туралы түсінік беру.

***Дәріс жоспары:***

1. Есімдіктердің зерттелуі.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

2. Есімдіктердің лексика-грамматикалық сипаты.

3. Синтаксистік қызметі.

**Негізгі ұғымдар:** жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, белгісіздік, болжалдық, жалпылау есімдіктері, прономиналдану, субстантивтік, атрибутивтік, дейкисис.

### *Дәріс мәтіні*

Есімдіктер сан жағынан аса көп болмағанымен, есім сөз таптарының орнына жиі қолданылып, орынбасар сөз табы ретінде қызметінде жұмсалады.

Сондықтан сөз табы ретінде есімдікке тән жалпы қасиеттер мен заңдылықтарды, олардың қалыптасу тарихы мен жүйесін анықтауға бағытталған еңбектер аз емес. Алтай тілдеріндегі есімдіктерді зерттеу жұмысын алғаш рет ғалым Кастрен қолға алды.

Есімдіктердің қазақ тіл білімінде зерттелуіне келсек, бұл салада Н.Сауранбаевтың («Есімдіктер»), Ш.Сарыбаевтың («К вопросу о местоимении в казахском языке»), Ә.Төлеуовтың («Қазақ тіліндегі есімдіктер») еңбектерін атауға болады /1,4/.

Аталған еңбектердің барлығында есімдіктердің тарихы, құрамы мен қалыптасу жүйесі, мағыналық сипаты жан-жақты қарастырылған.

Есімдіктерді дербес сөз табы ретінде тануда таптастырудың лексика-семантикалық және грамматикалық ұстанымдары негізге алынады.


Есімдіктер сөйлемнен тыс немесе сөйлем ішінде қолданылғанымен, өзіне қатысты басқа сөздерден бөлек алынғанда мағыналары дәл, нақты болмай, қашанда жалпылама қалыпта кездесіп отырады.

Жалпы грамматикалық ұғымдардың түрлеріне қатысына қарай заттық есімдіктер, белгі есімдіктері және сандық есімдіктер болып үш түрге бөлінеді /4, 183/. Бұл жерде заттық және белгі есімдіктері алдыңғы топтастырудағы субстантивтік және атрибутивтік есімдіктермен бірдей. Ал сандық мәнді кейбір сұрау, белгісіздік есімдіктері үшінші топта қарастырылады.

«Қазақ грамматикасында» есімдіктің аталған тобының септелу жүйесіндегі ерекшеліктердің үш түрі берілген /2, 483-484/, ал ол есімдігінің (III ж.) септік жалғауларын қабылдаудағы өзгеруі сөз етілмеген.

Синтаксистік қызметі жағынан есімдіктер, орынбасар сөз табы ретінде, мағыналық ерекшеліктеріне қарай белгілі бір сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалады. Атрибутивтік есімдіктерге қарағанда, субстантивтік есімдіктер тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер қызметін атқарады. Ал атрибутивтік есімдіктер негізінен анықтауыштық қызмет атқарып, тек субстантивтенгенде ғана басқа сөйлем мүшелерінде жұмсалады.

Есімдіктердің грамматикалық қызметіндегі бір ерекшелігі – дейкисистік қызмет атқаруы.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

Дейксис (грек. deixis – көрсету) – лексикалық және грамматикалық құралдар арқылы берілетін тіл бөлігінің мағынасын не қызметін көрсету /5, 65/. Бұл қызмет жіктеу және сілтеу есімдіктеріне тән.

Сондай-ақ қай сөздің орнына қолданылуына байланысты есімдіктер анафоралық қызмет атқарады /4, 180/. Есімдіктің бұл қызметі оның орынбасар сөз табы ретіндегі ерекшелігімен байланысты анықталады.

Субстантивтену, адвербиалдану, адъективтену құбылыстары сияқты прономиналдану процесі де сөздің мағынасы мен грамматикалық сипатынан туатын өзгерістермен байланысты лексика-грамматикалық құбылыс болып табылады. Бұл құбылыс басқа сөздердің есімдіктенуі негізінде жүзеге асады.

Есімдіктерді зерттеген ғалым А. Ибатов еңбегінде мынау, анау сілтеу есімдіктері мынау, анау сілтеу есімдіктері мын-а, ан-а сілтеу есімдіктері мен бу/ву сілтеу есімдіктерінің бірігуінен жасалған дейді. Бұл пікірді М. Томанов та жақтайды. Демек, мұнда жұрнақ я сөз деген пікір ашық қалып отыр.

Профессор А. Ысқақов бұл есімдіктер -у элементі арқылы жасалған дейді.

Профессор Қ. Есенов (монографиядағы есімдік сөзжасамының авторы) -ау құранды жұрнақ, себебі сөздің ана, мына варианты кеңінен қолданылады, осынау, осынша, дегендегі -нау, осыншама, осынысы дегендегі -н элементінің қолданысы осыны көрсетеді дейді. Ал сан есімнен ауысқан біреу есімдігінде -еу жұрнақ дейді.

### ***Тұжырымдар:***

1. Есімдік затқа, заттық белгіге қатысты ұғымдарды ықшамдап жеткізуші сөз табы ретінде мағыналық сипатының жалпылығымен ерекшеленді.
2. Өзіне тән түрлену жүйесі, грамматикалық категорияларының болмауына қарамастан, орынбасар сөз табы қызметінде түрлене алады.
3. Мағыналық ерекшеліктерінің ішкі сипатына қарай олар жеті түрге бөлінеді.


### ***Бақылау сұрақтары:***

1. Есімдіктердің семантика-морфологиялық топтары

### ***Дәріс бойынша әдістемелік нұсқау***

Дәріс мәтінінде келтірілген тұжырымдар негізінде сан есімнің сөз табы ретіндегі ерекшелігі, морфологиялық сипаты, мағыналық топтары, басқа сөз таптарымен байланысы туралы қосымша ақпарат алу, дәріс мәтінінде келтірілген тұжырымдар негізінде есімдіктің сөз табы ретіндегі өзіндік ерекшеліктері мен белгілері, орынбасар сөз қызметіндегі түрлену сипаты, қолданысы мен тұлғалық белгілеріне қатысты қосымша білім қорын жинау.

### ***Пайдаланылған әдебиет:***

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

1. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы, 1992.
3. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
5. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007.
6. Ибатов Ә. Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан. – Алматы, 1966.
7. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002
8. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007
9. Салқынбай А. Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998

### **№11-дәріс**

**Тақырыбы:** Етістіктің лексика-семантикалық және морфологиялық сипаты. Күрделі етістіктер, түрлері. Етістіктің грамматикалық формасы

**Мақсаты:** Етістіктің грамматикалық категорияларының топтастырылуына қатысты ғылыми көзқарастарды саралап, олардың топтастырылуы, берілу жолдары, ерекшеліктері туралы түсінік беру.

**Дәріс жоспары:**

1. Етістік категорияларының ерекшеліктері.
2. Етістіктің лексика-семантикалық және грамматикалық категориялары.

**Тақырып бойынша негізгі ұғымдар:** салттылық-сабақтылық категориясы, етіс, болымды-болымсыз категория, амалдың өту сипаты, қимыл есімі, рай, шақ, жақ категориялары, вербалдану.

### **Дәріс мәтіні**

Етістіктің сөз табы ретіндегі тағы бір ерекшелігі оның күрделі грамматикалық сипаты мен түрлену тұлғасында. Бұл орайда етістіктің грамматикалық категорияларының орны ерекше. Жалпы басқа сөз таптарымен салыстырғанда, етістік –грамматикалық категорияларға бай сөз табы. Солай бола тұра, етістіктің грамматикалық категорияларының іштей бір-бірінен өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер етістіктің грамматикалық формаларының етістік түбіріне үстейтін мағыналарының табиғатынан, түрлену жүйесінен көрінеді. Осы тәріздес ерекшеліктеріне қарай, тіл тәжірибесінде етістік категорияларын бірнеше топқа бөліп қараушылық та кездеседі. Мәселен, Ғ. Әбуханов етістік категорияларын лексика-семантикалық және грамматикалық деп екі топқа бөліп, лексика-семантикалық категорияларға болымды,



	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

болымсыз етістік, көсемше, есімше, салт, сабақты етістік, етіс түрлерін, ал грамматикалық категорияларға етістіктің шақтарын, рай түрлерін жатқызады /1, 137-149/. Ал А. Ысқақов «етістік формаларының жүйесін» төмендегідей бірнеше грамматикалық категорияларға бөледі: 1) етістік негізі; 2) қимыл атауы категориясы; 3) салттылық-сабақтылық категориясы; 4) етіс категориясы; 5) болымдылық және болымсыздық категориясы; 6) амалдың өту сипаты категориясы; 7) есімшелер категориясы; 8) көсемшелер категориясы; 9) рай категориясы; 10) шак категориясы; 11) жіктік, көптік жалғауларының шаққа қатысы /2, 286/.

Етіс категориясы – қимыл, іс-әрекеттің объектіге не субъектіге бағытталғанын білдіреді. Соның негізінде субъекті мен объекті арасындағы қатынас анықталады.


Егер салт етістік пен сабақты етістіктер өзара мағынасы мен синтаксистік қызметі жағынан ажыратылса, етіс түрлері өзара белгілі бір грамматикалық формалары арқылы ерекшеленеді. Бірақ етіс жұрнақтары салттылық-сабақтылық категориясының грамматикалық тұлғалану жүйесі бола алмайтындығы белгілі.

Соған қарамастан, етіс категориясы салт және сабақты етістік деп аталатын ұғымдармен тығыз байланысты /5, 154/. Бұл байланыс салт етістікке ауысуындағы етіс жұрнақтарының қызметінен көрінеді.

Ал етіс жұрнақтарының сөз түрлендірушілік қабілетімен қатар сөз тудырушылық қызметі жөнінде де пікірлер кездеседі. Етіс жұрнақтарының қызметіне қатысты осындай пікірлер негізінде олар грамматикалық категориядан гөрі лексикалық мағына жасайтын етістіктің түрі ретінде қарастырылады /4, 208/.

Солардың ішінде «қазақ тіл білімінде болымдылық пен болымсыздыққа берілген анықтама жоқ, сондықтан етістікке қатысты берілген анықтаманы айтамыз» деген пікірі ерекше назар аударуды қажет етеді /6, 32/. Шындығында да аталған тілдік категория осы уақытқа дейін тек етістіктің аясында ғана сөз етіліп келеді. Ал бұл категорияға тән мазмұнды бір ғана болымды-болымсыз етістік қызметінің аясымен айқындасақ, толық болмаған болар еді /6,53/. Бұл пікірді толық құптауға болады. Себебі тілімізде болымсыздық мағына жасаушы басқа да тілдік бірліктердің бар екендігі белгілі.

«Қазақ грамматикасында» (Астана, 2002) болымсыз етістіктің жасалу тәсілдерінің болымсыздық категориясына қатысы жөнінде пікір қайшылықтары кездеседі. Мәселен, аналитикалық жолмен жасалған болымсыздық мағына бірде болымсыздық категориясына жатқызылса /6, 511/, бірде оны аталған категорияның жасалу жолының бір түрі ретінде көрсетеді /6, 539/. Бір категорияға қатысты мұндай әр түрлі

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

пікірлердің қалыптасуы етістіктің грамматикалық категориясының жасалуындағы ерекшеліктеріне байланысты.

Етістіктің лексика-грамматикалық категориялары қатарында амалдың (қимылдың) өту сипаты категориясының да қызметі ерекше.


Н. Оралбай бұл категорияны мағынасы жағынан қимылдың жасалу тәсілі және қимылдың жасалу (даму) сатысы деп екі топқа бөліп, олардың бірнеше тәсілдері мен даму сатысының жасалу жолдарын көрсетеді /4, 260-267/. Жалпы аталған категорияның грамматикалық сипаты етістіктің аналитикалық форманттары арқылы беріледі. Соның негізінде қимылдың жасалу тәсілдері, мағынасы, даму кезеңдері анықталады /6, 541/.

Рай категориясы – етістіктің грамматикалық категорияларының ішіндегі тұлғасы мен мән-мазмұны жағынан бай категориялардың бірі. Алайда рай категориясы етістіктің модальдылық мәнінің бірден-бір грамматикалық көрсеткіші бола тұрса да, оның модальдылық мәнін толық қамти алмайды /3, 193/. Сондықтан жалпы модальдылық мағына, оның берілу жолдары, яғни модаль сөздер мәселесі өз алдына жеке мәселе ретінде алынады. Осы пікірлердің негізінде қазіргі қазақ тілінде оның төрт түрі дәстүрлі түрде қалыптасқан. Әрбір рай түрінің жасалу жолы, грамматикалық тұлғасы, өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, ашық райдың арнайы грамматикалық формалары жоқ, ол белгілі бір шаққа қатысты қимыл-әрекетті білдіреді.

Ал бұйрық, қалау, шартты райлар қимылға, іс-әрекетке қатысты белгілі бір грамматикалық мағынаны арнайы грамматикалық тұлғалар арқылы білдіреді. Бұл орайда, әсіресе бұйрықтық, шарттылық мағыналардың белгілі бір жаққа қатысын анықтауда жіктік жалғауларының да қызметі ерекше.

Шақ категориясы, басқа да категориялар сияқты, мазмұны мен тұлғасы жағынан қалыптасқан, орныққан жүйесі бар категорияның бірі болып табылады.

Іс-әрекеттің, қимылдың кімге, қай жаққа қатысты екенін білдіруде жақ категориясының да өзіндік қызметі бар. Осыған орай іс-әрекеттің белгілі бір жаққа қатысы арнайы грамматикалық формалар арқылы беріледі. Жақтық мағына мен жіктік жалғауының арақатынасы жөнінде түрліше көзқарастар бар. Мәселен, Ы. Маманов жіктік жалғауының өзі жалғанған сөзге тек жақтық мағына ғана үстейтіндігін, яғни предикативтік рең беретінін айтса /8, 71/, А. Ысқақов «етістік формаларына қосылатын жіктік жалғаулардың қосымшалары тек жақ көрсеткіштері ғана емес, құрамдарына сандық көрсеткіштерді де бөлінбейтін компонент етіп алуы – олардың шақтық мәнді білдіруге

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

қатысы барлығына айғақ» болатынын көрсетеді /2, 346/. Ғалым С. Исаевтың «жақ категориясының, жіктелу жүйесінің грамматикалық сипатын анықтайтын ерекшелік оның синтаксистік қатынасы мен қызметінде емес, жіктік жалғау, яғни морфологиялық түрлену жүйесінде жатыр» деген пікірін ескерсек /3,110/, жіктік жалғауын тек предикат қосымшасы деп қабылдамай, жіктік жалғауының морфологиялық көрсеткіштері мен сол тұлғалар арқылы берілетін грамматикалық категория ретінде тануға негіз болатынын көруге болады. Етістіктің сөйлемдегі негізгі синтаксистік қызметі – баяндауыш болу. Сонымен қатар көсемше түрінде пысықтауыш, есімше түрінде анықтауыш, заттанған жағдайда қолданылу ыңғайына қарай бастауыш, толықтауыш қызметінде де жұмсалады.

***Тұжырымдар:***

1. Етістік – грамматикалық категорияларға бай сөз табы.
2. Етістіктің грамматикалық категориялары түбір тұлғаға үстейтін мағыналық сипатына қарай үлкен екі топқа бөлінеді.

***Бақылау сұрақтары:***


1. Күрделі етістіктер, түрлері
2. Аналитикалық форманттар

***Дәріс бойынша әдістемелік нұсқау***

Етістіктің грамматикалық және лексика-грамматикалық категорияларының ерекшеліктері мен байланысы, олардың тіл жүйесіндегі берілу жолдары, грамматикалық мағынасы туралы ізденіс жұмыстарын жасап, жинақталған деректерді дамыту, тереңдету.

***Пайдаланылған әдебиет:***

1. Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. – Алматы, 1982.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974.
3. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
5. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996.
6. Әбдіғалиева Т. Қазақ тіліндегі болымдылық-болымсыздықтың мағынасы мен қызметі. – Алматы, 1996.
7. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
8. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

## №12 - дәріс

**Тақырыбы:** Үстеу, үстеуге тән ерекшеліктер, морфологиялық құрылысы мен құрамы, мағыналық топтары

**Мақсаты:** үстеу сөздің лексика-грамматикалық сипаты, мағыналық-құрылымдық ерекшелігі, семантикалық топтары, сөйлемдегі қызметі туралы түсінік беру.

**Дәріс жоспары:**


1. Үстеудің лексика-грамматикалық ерекшелігі
2. Үстеудің мағыналық топтары
3. Үстеудің синтаксистік қызметі

**Негізгі ұғымдар:** адвербиум, мезгіл, мекен, мөлшер, сын-бейне, мақсат, себеп-салдар, күшейтпелі, топтау үстеулері

### *Дәріс мәтіні*

Үстеу өзінің семантикалық сипаты, сөзжасамы, грамматикалық қызметі жағынан да басқа сөз таптарынан ерекшеленеді. Ғалым А. Байтұрсынов «сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөздерді толықтыру, күшейту үшін айтылатын сөздерді үстеу» деп атайды /1, 256/. Ал Қ. Жұбанов бұған мүлдем қарама-қарсы пікір білдіріп, «үстеу» сөзінің орнына «мезгіл-мекен есімі» деп атауды ұсынады /2, 235/. Сонымен үстеу сөздер қимыл-әрекеттің, әртүрлі мекендік, мезгілдік, сындық, бейнелік, мөлшерлік белгілерін білдіреді. Негізгі үстеулерге морфемалық құрамы жағынан бөлшектенбей, тек белгілі бір тұлғада ғана қалыптасқан сөздер жатады. Ал туынды үстеулерге басқа сөз таптарынан синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалған сөздер жатады. Туынды үстеулердің қосымшалар арқылы жасалуында септік жалғауларының көнеленуі нәтижесінде үстеуге ауысқан сөздер де бар. Бұл жағдайда адвербиалдану құбылысының маңызы зор. Адвербиум – латын сөзі – сөздің үстеу тобына өтуі /3,9/. Қ. Жұбанов бұл ұғымды орыстың «наречиесі» латынның адвербиум, гректің епирремма дегендерінің тура аудармасы, етістікке байланысты сөздер болғандықтан, адвербиум епирремма «етістіктің жанындағы деген сөз» /2, 235/ деп түсіндіреді.

Семантикалық сипаты жағынан үстеу сөздер бірнеше топқа бөлінеді. Үстеудің мағыналық ерекшелігіне қатысты көзқарастарды екіге бөлуге болады. Біріншісі үстеу сөздердің мағыналық топтарының сан жағынан түрліше анықталуы, екіншісі кейбір мағыналық топтарының атауына, қызметіне қатысты. Біріншісі, яғни үстеулердің мағыналық топтарын сан жағынан анықтауда, А. Байтұрсынов оның төмендегідей бес түрін

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

көрсетеді: 1) нықтаулық, 2) сынаулық, 3) өлшеулік, 4) мезгілдік, 5) мекендік /1, 256/, Ғ. Әбуханов та оны бес түрге бөледі: 1) мезгіл, 2) мекен, 3) бейнелік (сын-қимыл), 4) мөлшерлік, 5) күшейткіш үстеулері /4,167/. Ал А. Ысқақов үстеулердің мағыналық сегіз түрін көрсетеді: 1) мезгіл, 2) мекен, 3) мөлшер, 4) сын (я бейне), 5) күшейту (я ұлғайту), 6) мақсат, 7) себеп-салдар, 8) топтау я бөлу үстеулері /5, 355/. Ғалымдардың пікірлерін саралай келе, қазіргі қазақ тілінде үстеулерді мағыналық жағынан сегіз топқа бөліп қарастыру қалыптасқан. Бұл топтар морфологиялық құрамы, жасалу тәсілдері, сөйлемдегі орын тәртібі, қызметі жағынан бір-бірінен ерекшеленеді.

Үстеулер әр уақытта өздері пысықтайтын сөздерінің алдында тұрып, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Алайда орын тәртібінің тұрақтылығы жағынан мезгіл үстеулері орын талғамайды. Пысықтауышпен қатар үстеулер сөйлемде бастауыш, анықтауыш, толықтауыш және баяндауыш қызметін де атқарады. Бұндай синтаксистік қызмет үстеудің барлық түріне бірдей тән емес. Мәселен, мақсат, себеп-салдар, топтау, мезгіл үстеулері анықтауыш қызметінде жұмсалмайды. Ал мезгіл, мөлшер үстеулері заттануға бейім болғандықтан, бастауыш қызметін де атқарады.

Сөйлемде пысықтауыштан да басқа сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалуды үстеудің мағыналық топтарының етістіктен басқа да сөз таптарымен тіркесімділігіне байланысты. Алайда бұл тұрғыдан да олардың сипаты бірдей емес.

#### ***Тұжырымдар:***

1. Үстеу – морфологиялық түрлену жүйесіне түспейтін, арнайы грамматикалық категориясы жоқ сөз табының бірі.
2. Мағыналық сипатына қарай сегіз түрге бөлінеді.
3. Үстеудің негізгі синтаксистік қызметі – пысықтауыш.

#### ***Бақылау сұрақтары:***


1. Үстеулердің морфологиялық құрылысы
2. Негізгі үстеулерге тән ерекшеліктер
3. Көнеленген септік формалары арқылы жасалған туынды үстеулер

#### ***Дәріс бойынша әдістемелік нұсқау***

Дәріс мәтінінде келтірілген тұжырымдар негізінде үстеудің сөз таптары жүйесіндегі ерекшелігі, морфологиялық сипаты, мағыналық топтары, басқа сөз таптарымен байланысы туралы қосымша ақпарат алу.

#### ***Пайдаланылған әдебиет:***

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1992.
3. Салқынбай А. Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998.
4. Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. – Алматы, 1982.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974.
6. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998.
7. Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы, 1986.

### №13– дәріс

**Тақырыбы: Шылау сөздер.**

**Мақсаты:** Қазақ тіліндегі шылау сөздердің көмекші сөздер қатарындағы ерекшелігі, атауыш сөздермен арақатынасы, түрлері, грамматикалық сипаты туралы түсінік беру.

**Дәріс жоспары:**


1. Шылау сөздердің ерекшелігі, қызметі.
2. Шылау сөздердің түрлері, сипаты.

**Тақырып бойынша негізгі ұғымдар:** Жалғаулық, демеулік, септеулік, салаластырғыш, сабақтастырғыш, құрмаластырғыш, матасу жалғауыш, жетек жалғауыш.

### Дәріс мәтіні

Сөз таптарының ішінде шылау сөздер көмекші сөз ретінде өз алдына дербес қолданылмай, тек толық мағыналы атаушы сөздермен тіркесіп, оларға қосымша грамматикалық мағына үстеп тұрады. Соның негізінде, яғни атаушы сөздермен тіркесіп келген жағдайда ғана олардың лексика-грамматикалық сипаты айқындалады. Бұл – шылау сөздерге тән басты ерекшеліктердің бірі.

«Қазақ грамматикасында» шылаудың төмендегідей ерекшеліктері атап көрсетіледі /1, 556/: 1) шылау сөздердің толық лексикалық мағынасы болмайды; 2) контексте толық мағыналы сөздердің жетегінде

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

қолданылып, оған қосымша әр түрлі грамматикалық мағына, рең үстейді; 3) сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді сабақтастыра не салаластыра байланыстырады; 4) жеке сөйлем мүшесі бола алмайды; 5) шылау сөздер түрленбейді, басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалмайды.

Сонымен өз алдына толық лексикалық мағынасы болмаса да, шылау сөздер толық мағыналы сөздерге көмекші ретінде қызмет атқарады.

Тіліміздегі шылау сөздердің бірқатары сөз бен сөздің арасындағы грамматикалық байланысты, енді бір тобы сөз тіркесі мен сөйлем арасындағы байланысты айқындау үшін қолданылады. Грамматикалық сипатындағы осындай ерекшеліктеріне қарай шылауларды топқа бөлуде түрліше пікірлер болды.

Қ. Жұбанов «сөз мүшелерін түп мүше немесе түбір мүше және жамау мүше немесе шылау мүше» деп екіге бөліп, шылау мүшенің өзін құрылысына қарай екі жікке бөледі: қосымша және қосалқы, одан кейін қосымшаларды атқаратын қызметіне қарай жалғау және үстеу, ал қосалқыларды жалғауыш және үстеуіш деп топтастырады /2, 239/. Шылау сөздерді топқа бөлуде М. Балақаевтың алғашқы пікірінде де ерекшеліктер болды. Ғалым қазақ тіліндегі шылау сөздерді төмендегідей бес топқа бөледі: 1) күшейткіш үстеуліктер (тап, өте, аса, тым)

2) болымсыздық үстеуліктер (еш, жоқ, емес, ма, мен)

3) сұраулық демеуліктер (ма, ме, па, пе т.б.)

4) демеуліктер

5) жалғаулықтар

Бұл топтастырудан байқалатыны: шылау сөздердің ішінде қазіргі кезде үстеу, есімдік қатарындағы дербес сөздер мен болымсыз етістіктің жұрнақтары, көмекші етістіктер де кездеседі. Сондай-ақ шылаулардың іштей топтастырылуы, олардың аталуы да әркелкі. Кейіннен автор бұл мәселені қайта қарап, шылау сөздерді демеулер, демеуліктер, жалғаулықтар деп үш топқа бөліп қарастырды /3, 30/. Ғалымның бұл топтастыруында сан жағынан болмаса да, аталуы жағынан өзгешеліктер болды.

Ғалым А. Ысқақовтың пікіріне келсек, зерттеуші шылауларды грамматикалық сипатына қарай септеуліктер, жалғаулықтар, демеуліктер деп үш түрге бөледі /4, 385/. Қазіргі грамматикада да осы жіктелім қалыптасқан.

Жалғаулық шылауларды салаластырғыш, сабақтастырғыш (немесе құрмаластырғыш) деп топтастыруда олардың жеке сөздер мен сөз

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

тіркестерін, жай сөйлемдерді немесе тек қана құрмалас құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстырушылық қабілеті негізге алынады. Қазіргі кезде жалғаулықтардың салаластыра немесе сабақтастыра байланыстырушы қызметінің аражігі айқындалып, олардың тек салаластырғыш қызметте ғана қолданылатыны анықталған. Тең дәрежелі сөздер мен сөйлемдерді салаластыра байланыстыру жалғаулық шылауларға тән ерекшеліктердің бірі болып табылады.

Ғ. Әбуханов жалғаулық шылаулардың ыңғайластық, қарсылықты, талғаулықты, себеп-салдарлық деп төрт түрін /5, 173/, А. Ысқақов ыңғайластық, талғаулықты, қарсылықты, себептік, салдарлық, шарттық, айқындағыш, ұштастырғыш тәрізді сегіз түрін көрсетеді /4, 397-393/. «Қазақ грамматикасында» оларды ыңғайластық, қарсылықты, талғаулықты, себептік, себеп-салдарлық және шарттық деп алты түрге бөліп көрсеткен /1, 557/.

Берілген пікірлерді өзара салыстырып қарасақ, олардың тек топтастырылу жүйесі, яғни бірде 4, бірде 8, енді бірде 6 топ болып келуі ғана емес, сол топтардың аталу жағынан да (себептік, салдарлық – себеп-салдарлық), ол топтарға жатқызылатын сөздер жағынан да (ал ендеше, олай болса, демек т.б.) әр түрлі екендігі көрінеді.


Септеулік шылаулар өзге сөздерге тіркесіп айтылғанда, өзінің алдындағы толық мағыналы сөздің белгілі бір септік жалғауында тұруын талап етіп, ол сөздерге түрлі грамматикалық мағына үстейді.

Бұл орайда Н. Оралбай аталған септіктегі сөздермен тіркесіп қолданылатын септеулік шылауларды өзі тіркескен сөзіне үстейтін грамматикалық мағыналарының сипатына қарай іштей бірнеше мағыналық топтарға бөледі /6, 353-356/.

Демеулік шылаулардың шылау категориясының бір түрі ретінде танылуында бірізділік болғанымен, оны іштей саралауда және атауларында бірқатар алшақтықтар кездеседі. Мысалы, 1954 жылғы «Қазіргі қазақ тілінде» демеуліктер сұрау, жалынышты тілек, тежеу, күшейту, кісінің көңіл-күйін білдіретін және сенімділік, кекесін мағынасындағы болып 7 түрге бөлінсе /3, 31/, А. Ысқақовтың еңбегінде де сұраулық, күшейткіш, нақтылық, шектік, болжалдық, болымсыздық, қомсыну тәрізді 7 түрі көрсетіледі /4, 398-402/. Бұл топтастырулар сан жағынан бірдей болғанымен, олардың әр түрінің атауы түрліше.

Сонымен шылау сөздер басқа көмекші сөздерден (көмекші есім, көмекші етістік) ерекше қолданысы мен грамматикалық мағыналарының сипатына қарай дараланып, жеке сөз табы ретінде қарастырылады.




	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

«Көмекшілердің даму дәрежесінің түрлілігі олардың бәрі грамматикалық мағынаға кешкен деген пікірге күмән туғызады, бірақ әзір бұл бағытта зерттеу жұмыстары аз» /7,20/ екендігін ескерсек, көмекші сөздердің бір түрі – шылаулардың да грамматикалық болмысы, тілдік табиғатына қатысты әлі де болса тереңірек зерттеуді қажет ететін мәселелер баршылық. Соның бірі – шылаулардың сөйлем мүшелеріне қатысы, яғни синтаксистік қызметі туралы мәселе. Шылау сөздердің сөйлем ішінде өз алдына жеке сөйлем мүшесі қызметін атқармайтыны белгілі. Алайда олардың «грамматикалық мәнділігінің негізгі мағынамен бірге тіркесті сөздің ұғымын кеңейтіп, белгілі бір сөйлем мүшесі қызметінде көріне алуын» ескерсек /8, 119/, негізгі сөздермен тіркесу қабілеті олардың лексика-грамматикалық мағынасының нақтылануына ғана әсер етпей, сөз бен сөз арасындағы байланысу тәсіліне арқау болып, соның негізінде сөз тіркестерінің белгілі бір синтаксистік қатынаста болуына әсер етеді.

Жеке лексикалық мағынасы болмаса да, өзі қатысты сөзге не сөйлемге қосымша грамматикалық мағына үстейтін немесе ойға қатысты қосымша модальділік мәнді білдіретін сөздер модаль сөздер деп аталады. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздерді таптастыру, соның негізінде сөз таптарын сан жағынан анықтау мәселесінде бірқатар көзқарастардың болғаны белгілі. Мәселен, 1952 жылға дейін 8 сөз табы қолданылып келсе, 1952 жылы еліктеуіш сөздер одағайлардан бөлініп шығып, өз алдына жеке 9-шы сөз табы болып қарастырылды. Одан кейінгі кезеңде бұл мәселеге қатысты С. Исаев сөздерді топтастыру ұстанымдарын негізге ала отырып, сөз таптарын 10 түрге бөліп, 10-шы сөз табы – модаль сөздерді қосады /1, 293/. Жалпы модаль сөздер бұған дейінгі зерттеулерде, сөз табы ретінде болмаса да, әр түрлі қырынан қарастырылып келді. Ғалым Н. Оралбаева модаль сөздерді күшейткіш үстеулермен бірге көмекшілер қатарына қосып, олардың көмекшілік қызметін ғылыми тұрғыдан дәлелдесе /2, 17/, модаль сөздерді сөз табы ретінде қарастыру жөнінде «модаль сөздер аналитикалық форманттың құрамында модальдық категорияның көрсеткіші болғандықтан» оларды сөз таптарының қатарына қоспайды /3, 63/. Қ. Мамаділов етістіктің модальдік құрылымдары арқылы модальдық мағынаның берілу сипатын зерттеген /4/.

Сонымен қатар модальділік мәселесі көмекші етістіктерге қатысты зерттеулерде де функционалды грамматиканың негізгі аспектілерінің бірі ретінде қарастырылып жүр /5, 97/.

Модальділік (лат. *Modalis* – мөлшер, тәсіл) – айтылған сөз бен болмыс арасындағы қатынас түрлері және хабардың әр түрлі қабылдануын

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

көрсететін қызметтік семантикалық категория /6, 145/; предикаттылық синтаксистің негізгі бірлігі болатын сөйлемнің қызметтік ерекшелігін білдіретін синтаксистік категория /6, 167/. Модаль сөздер осы екі құбылыспен, атап айтқанда, модальділікпен және предикаттылықпен тығыз байланысты.


Сонымен модаль сөздер, басқа да көмекші сөздер сияқты жеке лексикалық мағынасы болмаса да, сөйлемде айтылған ойға қатысты қосымша мән үстеп тұрады. Осы ерекшелігіне қарай олар объективті және субъективті болып 2-ге бөлінеді.

Бұлардың басты ерекшелігі, біріншіден, объективті модальділік сөйлемдегі хабардың, ойдың шындыққа қатынасын білдірсе, субъективті модальділік сол хабарға, ойға сөйлеуші-субъектінің көзқарасын, қатынасын білдіреді. Екіншіден, объективті модальділік рай категориясы арқылы, ал субъективті модальділік көмекші сөздер арқылы беріледі. Үшіншіден, объективтіге қарағанда субъективті модальділікте хабардың қосымша реңінің болуы оның семантикалық көлемін де кеңейтеді.

К. Аханов грамматикалық рай категориясының модальділік ұғымымен байланысын сөз ете келіп, модальділіктің грамматикалық және лексикалық тәсілмен де берілуі мүмкін екенін атап көрсетеді /7, 151/. Соның ішінде лексикалық тәсіл модаль сөздер арқылы, ал грамматикалық тәсіл рай категориясы арқылы беріледі.

Модаль сөздер лексика-грамматикалық сипатына қарай есімдерден, етістіктерден, көмекші сөздерден жасалады. Бұл ерекшелік модаль сөздердің құрамы жағынан әр түрлі болып келуіне әсер етеді. «Қазақ грамматикасында» модаль сөздерді семантикалық сипатына қарай мынадай топтарға бөліп қарастырады /4, 577/: 1) болжал мәнді модаль сөздер; 2) міндеттілік мағына білдіретін модаль сөздер; 3) біреудің сөзі не дерек негізінде айтылатын модаль сөздер; 4) қостау (растау) мағынасында қолданылатын модаль сөздер; 5) қалау (тілек) мәнді модаль сөздер; 6) күмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер; 7) сөйлемде айтылған хабардың ақиқатына көзі жеткендікті білдіретін модаль сөздер; 8) нық сенімділікті білдіретін модаль сөздер.

Қазақ тіліндегі модаль сөздер қолданылу ерекшелігіне қарай үш топқа бөлінеді /8, 580/: 1) тек синтаксистік қыстырма мүше ретінде қолданылатын модаль сөздер; 2) баяндауыш құрамында көмекші мүше ретінде қолданылатын модаль сөздер; 3) әрі синтаксистік қыстырма мүше, әрі қимыл есімді баяндауыш құрамында қолданылатын модаль сөз.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

Сонымен модаль сөздер лексика-грамматикалық, семантикалық және қолданысы жағынан ерекше сөз таптарының бірі. Модаль сөздердің қалыптасуында грамматикалану үдерісінің маңызы зор.

### ***Тұжырымдар:***

1. Шылаулардың сөз табы ретінде танылуына ерекше қолданыстық-семантикалық белгілері негіз болады.
2. Шылау сөздер негізгі сөзбен грамматикалық қатынасының сипатына қарай ерекшеленеді.

### ***Бақылау сұрақтары:***

1. Шылаулардың тілдегі қызметі, қолданылуы

### ***Дәріс бойынша әдістемелік нұсқау***

Дәріс мәтінінде келтірілген тұжырымдар шылау туралы білім қорын қосымша мәліметтермен толықтыру, дәріс мәтінінде келтірілген ғылыми тұжырымдарды негізге ала отырып, модальдылық мағынаны білдіру сипатын ғылыми тұжырымдар негізінде дәйектеу.


### ***Пайдаланылған әдебиет:***

1. Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. – Алматы, 1975.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
5. Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. – Алматы, 1982.
6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974
7. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
8. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996.
9. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты – Алматы, 1998.
10. Молғаждаров Қ. Шылау сөз табының қалыптасу тарихы. – Көкшетау, 2002.
11. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998.
12. Сүлейменова Ж. Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі. // ДДА – Алматы, 2005.

### **№14 – дәріс**

***Тақырыбы:*** Еліктеуіш сөздер, мағыналық топтары. Одағайлар.

***Мақсаты:*** еліктеу сөздердің сөздерді таптастыру ұстанымдарына қатысы, фонетика-морфологиялық, интонациялық ерекшелігі, мағыналық топтары туралы түсінік беру, қазақ тіліндегі одағай

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

сөздердің сөз табы ретінде қалыптасуы, түрлері, лексика-грамматикалық және интонациялық ерекшелігі мен қызметі туралы ғылыми тұжырымдарды саралау, түсінік беру.

***Дәріс жоспары:***

1. Еліктеу сөздердің сөз табы ретінде қалыптасуы
2. Еліктеу сөздердің түрлері, фонетика-морфологиялық, интонациялық ерекшелігі.
3. Еліктеу сөздердің синтаксистік қызметі.
4. Одағай сөздердің лексика-грамматикалық сипаты.
5. Одағайлардың түрлері, интонациялық ерекшеліктері.
6. Синтаксистік сипаты.


***Тақырып бойынша негізгі ұғымдар:*** мимема, еліктеуіш, бейнелеуіш сөздер, көңіл күйі, шаруашылық, қатынас одағайлары, топтасқан, топтаспаған, императивтік, ишарат, тұрмыс-салт одағайлары.

***Дәріс мәтіні***

Еліктеу сөздердің жеке сөз табы ретінде қарастырылуы тікелей А. Ысқақовтың есімімен байланысты деп айтуға болады. Ғалым қазіргі қазақ тілінде «еліктеу сөздер» деген өзгеше бір сөздердің тобы бар екенін сонау 1948 жылдардың өзінде-ақ айтқан болатын /1, 28/. Еліктеу сөздердің сөз табы ретінде қалыптасу тарихына келсек, А. Байтұрсынов еліктеу сөздерді одағайдың ішінде ілездік және еліктеу одағайы деп бөліп қарастырады /2, 261/. Ал Қ. Жұбанов «жалт-жұлт», «жылт-жылт» дегендер құбылыстың тұрақты, тұрақсыздығын, бір қалыпта болатын-болмайтынын білдіретін қолданыстар ғана» деп /3, 101/ одағай мен еліктеу сөздердің аражігін бөліп көрсетеді.

Еліктеу сөздер басқа сөз таптарынан өзінің семантикалық сипаты мен дыбыстық құрамы жағынан ерекшеленеді. Ал морфологиялық құрылымы тұрғысынан олар түрлену жүйесіне түспейді. Н.Оралбай еліктеуіш сөздердің басты ерекшеліктері ретінде олардың мағынасы, дыбыстық құрамымен қатар сөзжасамдық салғырт қабілетін де атап көрсетеді /4, 337/. Ғ.Әбуханов еліктеу сөздерді өзге сөз таптарына мағыналық жағынан да, морфологиялық белгілері жағынан да ұқсамайтын, күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде де, жазба әдеби тілде де кеңінен қолданылатын сөздер табы ретінде қарастырса /5,175/, А.Ысқақов олардың семантикалық, грамматикалық сыр-сипатымен қатар, фонетика-морфологиялық құрылымы жағынан да ерекшеленетін дербес сөз табы деп көрсетеді /6, 359/.

Сонымен табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысуынан немесе дыбыстау мүшелерінен шығатын әр

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

килы дыбыстарға еліктеуден, сондай-ақ сол құбылыстар мен заттардың, адамдар мен жан-жануарлардың сыртқы сипаты мен қимыл-әрекет, қозғалыстарының түрлі көріністерін бейнелеу нәтижесінде пайда болған сөздер еліктеу сөздер деп аталады. Еліктеу сөздерге қатысты А.Ысқақов «мимема» ұғымын қолданады. Еліктеу сөздер семантикалық сипатына қарай екіге бөлінеді: еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер.


Бұл топтағы еліктеулердің өзі табиғат құбылыстарына, жанды-жансыз заттардың қимыл-қозғалысына, бейнесіне қатысты ұғымдарды сипаттаудағы ерекшелігіне қарай іштей мағыналық жағынан ерекшеленді. Н.Оралбай олардың бірнеше топтарын бөліп көрсетеді /4, 435-437/.

Еліктеу сөздердің дыбыстық ерекшеліктерін сөз еткенде, олардың дыбыстық құрамы, буын жігі және айтылу ырғағы ескерілуі тиіс /7, 553/. Дыбыстық құрамы жағынан еліктеу сөздерде қалыптасқан орнықты жүйе бар екендігі белгілі. Оған түбір және туынды тұлғалы еліктеу сөздер дәлел бола алады. Буын жігіне қарай еліктеу сөздер бір, екі және үш буынды болып бөлінеді. Оның ішінде бір буынды еліктеулер таза еліктеу сөздердің өзінен жасалса, екі буындылар еліктеу сөздерден, ал үш буындылар басқа сөз таптарынан жасалады. Еліктеу сөздердің құрамындағы дауысты не дауыссыз дыбыстардың әр түрлі ырғақпен түрліше айтылуы адамның көңіл-күйіне, эмоциясына байланысты (мысалы, шыр-шырр, сарт-саарт, дар-дарр, баж-бажж т.с.с.) болып келеді.

Морфологиялық құрылымына қарай еліктеу сөздер жалаң және күрделі болып бөлінеді. Мысалы, ербең, жарбаң, маймаң, қорбаң т.с.с. Мұндай түбірлердің бастапқы тұлғасына қатысты түрлі пікірлер бар. Мәселен, К.Аханов мұны морфологиялық сіңісу құбылысының нәтижесі ретінде түсіндіреді/8, 27/.Күрделі еліктеу сөздер негізгі немесе туынды еліктеулердің қосарлануы не қайталануы арқылы жасалады.

Синтаксистік тіркесімділігі жағынан еліктеу сөздер зат есім және етістіктермен тіркеседі. Бірақ аталған сөз таптарымен тіркесімділік сипаты бірдей емес. Зат есімдерге қарағанда, еліктеу сөздер етістіктермен тіркесуге бейім болып келеді. Етістіктермен тіркесу қабілетінде де, басқа етістіктермен салыстырғанда, ет көмекші етістігімен еркін тіркесе береді. Зат есім, етістік сөздермен тіркесуі нәтижесінде еліктеу сөздер сөйлемде анықтауыш және пысықтауыш, құранды мүше құрамында баяндауыш, заттанған жағдайда бастауыш, толықтауыш қызметінде жұмсалады.

Одағайлардың сөз табы ретіндегі лексика-грамматикалық ерекшеліктері: біріншіден, олардың нақты ұғымдық мәні жоқ, сол

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

себепті өз алдына жеке белгілі бір лексикалық мағынасы болмайды; екіншіден, сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспегенімен, сөйлемден айтылатын жалпы ойға қатысты субъектінің түрлі көңіл-күй сезімін білдіреді.


С. Исаев «сөздерді сөз таптарына жіктеудің белгілі принциптері бар, бірақ олар негізінен атаушы сөздерге ғана қатысты болып келеді» деп /1,290/, шылау, модаль сөздердей одағайларды да жеке сөз табы ретінде тануға олардың ерекше қолданыстық-семантикалық қасиеттері негіз болатынын айтады. А. Байтұрсынов «одағайланып, оңаша айтылатын сөздерді» одағай деп атап, олардың ілездік, еліктеу, шақырыс одағай тәрізді үш түрін бөліп көрсетеді /2, 261/. Қ. Жұбанов жалпы сөздерді «таптасқан», «таптаспаған» сөздер деп бөліп, таптаспаған сөздер заттың өзін, ісін, сипатын, түйдегін жазбай атау үшін қажет. Олар хабарлауыш сөздер, жеке тұрып-ақ хабар беру үшін жасалған. Таптасқан сөзді сөйлемдерде бұлар одағайланып тұрады» деп /3,125/, одағайларды осы қатарда қарастырады.

Морфологиялық құрамы жағынан одағайлар негізгі және туынды болып бөлінеді.

Одағайларды мағыналық жағынан топтастыруда әр түрлі пікірлер кездеседі. Мәселен, А. Байтұрсынов олардың ілездік, еліктеу, шақырыс одағайлар тәрізді үш түрін көрсетсе /2, 261/, Қ. Жұбанов одағайларды шаруашылық одағайлары, қатынас одағайлары, көңіл одағайлары деп /3, 125/ үш топқа бөліп, әр түрінің қалыптасу тарихына, ерекшелігіне тоқталады. Одағайларды мағыналық жағынан топтастыруда А. Ысқақовтың пікірі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Ғалым одағайларды көңіл күйі, ишарат, шақыру одағайлары деп үш топқа бөле отырып, оның ішінде шақыру одағайына қатысты төрт түлік малға, үй айуандарына арналып айтылатын одағайлардан басқа «... таңдайды тақылдатып, еріндерді шүйіріп, ысқырып айтатын, транскрипциялауға қиын болатын одағайлардың» /4, 377-378/ тек шақыру ғана емес, жекіру, ұрысу тағы сол сияқты мағыналарды да білдіретіндігін ескертеді.

Ғ. Әбуханов одағайлардың төмендегідей үш түрін көрсетеді /5, 174/: көңіл-күй одағайлары, жекіру немесе ишарат одағайлары. «Қазақ грамматикасында» оларды мағыналық жағынан көңіл-күй, императивтік, тұрмыс-салт одағайлары деп үш топқа бөлген /6, 564/. Ал Н. Оралбай көңіл-күй одағайлары, бұйрық типтес (императив) одағайлар, тұрмыс-салт одағайлары тәрізді үш түрге бөледі /7, 374/.

Одағайларға тән басты белгілердің бірі – олардың ерекше бір әуезбен, ырғақпен айтылуы. Бұл ерекшелік одағай сөздерді семантикалық жағынан құбылтып, өзгертуге негіз болады. Жалпы одағайлар

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

семантикалық құбылмалылығына қарай бір мағыналы және көп мәнді болып бөлінетіні белгілі. Осындағы көп мәнді одағайлардың түрлі интонациямен, әуенмен айтылуы олардың мағыналық жағына да әсерін тигізеді. Бұл орайда одағай сөздер құрамындағы ашық дауыстылар ерекше қызмет атқарады.


Сөз табы ретінде сөйлем ішінде өз алдына жеке сөйлем мүшесі қызметін атқармаса да, одағай сөздердің синтаксистік сипаты жағынан өзіне тән ерекшеліктері бар. Олар: 1) лепті, сұраулы сөйлемдер түрінде жеке қолданылуы; 2) негізгі сөйлемдермен қабаттаса қолданылуы. Сөйлем мүшелеріне қатысына келсек, одағай сөздер көмекші етістіктермен тіркескен жағдайда және заттанғанда белгілі бір сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Одағайлардың күрделі мүше қызметінде жұмсалыуында көмекші етістіктің маңызы зор.

#### ***Тұжырымдар:***

- 1.Еліктеу сөздердің сөз табы ретінде танылуына семантикалық, фонетика-морфологиялық және синтаксистік қызметі негіз болады.
- 2.Еліктеу сөздердің мағыналық құрамындағы өзгерістер құрамындағы дауысты дыбыстардың айтылымдық-жасалымдық белгілеріне тікелей байланысты.\
- 3.Синтаксистік тұрғыдан еліктеу сөздер зат есім, етістіктермен грамматикалық байланысқа түседі.
- 4.Одағайлар – лексика-семантикалық және грамматикалық жағынан ерекшеленетін сөз табының бірі.
- 5.Фонетикалық-интонациялық ерекшеліктер әсерінен одағайлардың мағыналық жағынан өзгеруіне ықпалын тигізеді.
- 6.Одағайлардың сөйлем мүшесі қызметін атқаруы көмекші етістіктермен тіркесуіне байланысты.

#### ***Бақылау сұрақтары:***

- 1.Еліктеуіш сөздердің мағыналық топтары

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

2.Негізгі және туынды одағайлар, синтаксистік қызметі, тыныс белгілері, зерттелуі

***Дәріс бойынша әдістемелік нұсқау***

Дәріс мәтінінде келтірілген тұжырымдар негізінде еліктеу сөздердің сөз табы ретіндегі ерекшелігі, морфологиялық сипаты, мағыналық топтары, басқа сөз таптарымен байланысы туралы қосымша ақпарат алу, Одағайлардың лексика-семантикалық және фонетика-интонациялық ерекшеліктерінің арақатынасы мен қолданысындағы мағыналық өзгерістері туралы білім қорын қосымша ақпараттармен толықтыру.


***Пайдаланылған әдебиет:***

1. Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. – Алматы, 1975.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
5. Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. – Алматы, 1982.
6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974
7. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
8. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996.
9. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты – Алматы, 1998.
10. Молғаждаров Қ. Шылау сөз табының қалыптасу тарихы. – Көкшетау, 2002.
11. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998.
12. Сүлейменова Ж. Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі. // ДДА – Алматы, 2005.

**№15 – дәріс**

***Тақырыбы: Модаль сөздер***



	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

**Мақсаты:** Модаль сөздердің жеке сөз табы ретінде танылуы, қалыптасу негізі, сөз таптары жүйесінде алатын орны, семантикалық сипаты, қолданысы мен қызметі туралы жалпы түсінік беру.

**Дәріс жоспары:**

1. Модаль сөздердің сөз таптары жүйесінен алатын орны.
2. Модаль сөздердің лексика-грамматикалық сипаты.
3. Модаль сөздердің қолданылу ерекшеліктері.


**Тақырып бойынша негізгі ұғымдар:** Модаль сөз, модальділік, предикативтілік, объективті және субъективті модальділік, инфинитив.

### *Дәріс мәтіні*

Жеке лексикалық мағынасы болмаса да, өзі қатысты сөзге не сөйлемге қосымша грамматикалық мағына үстейтін немесе ойға қатысты қосымша модальділік мәнді білдіретін сөздер модаль сөздер деп аталады. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздерді таптастыру, соның негізінде сөз таптарын сан жағынан анықтау мәселесінде бірқатар көзқарастардың болғаны белгілі. Мәселен, 1952 жылға дейін 8 сөз табы қолданылып келсе, 1952 жылы еліктеуіш сөздер одағайлардан бөлініп шығып, өз алдына жеке 9-шы сөз табы болып қарастырылды. Одан кейінгі кезеңде бұл мәселеге қатысты С. Исаев сөздерді топтастыру ұстанымдарын негізге ала отырып, сөз таптарын 10 түрге бөліп, 10-шы сөз табы – модаль сөздерді қосады /1, 293/. Жалпы модаль сөздер бұған дейінгі зерттеулерде, сөз табы ретінде болмаса да, әр түрлі қырынан қарастырылып келді. Ғалым Н. Оралбаева модаль сөздерді күшейткіш үстеулермен бірге көмекшілер қатарына қосып, олардың көмекшілік қызметін ғылыми тұрғыдан дәлелдесе /2, 17/, модаль сөздерді сөз табы ретінде қарастыру жөнінде «модаль сөздер аналитикалық форманттың құрамында модальдық категорияның көрсеткіші болғандықтан» оларды сөз таптарының қатарына қоспайды /3, 63/. Қ. Мамаділов етістіктің модальдік құрылымдары арқылы модальдық мағынаның берілу сипатын зерттеген /4/.

Сонымен қатар модальділік мәселесі көмекші етістіктерге қатысты зерттеулерде де функционалды грамматиканың негізгі аспектілерінің бірі ретінде қарастырылып жүр /5, 97/.

Модальділік (лат. *Modalis* – мөлшер, тәсіл) – айтылған сөз бен болмыс арасындағы қатынас түрлері және хабардың әр түрлі қабылдануын

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

көрсететін қызметтік семантикалық категория /6, 145/; предикаттылық синтаксистің негізгі бірлігі болатын сөйлемнің қызметтік ерекшелігін білдіретін синтаксистік категория /6, 167/. Модаль сөздер осы екі құбылыспен, атап айтқанда, модальділікпен және предикаттылықпен тығыз байланысты.


Сонымен модаль сөздер, басқа да көмекші сөздер сияқты жеке лексикалық мағынасы болмаса да, сөйлемде айтылған ойға қатысты қосымша мән үстеп тұрады. Осы ерекшелігіне қарай олар объективті және субъективті болып 2-ге бөлінеді.

Бұлардың басты ерекшелігі, біріншіден, объективті модальділік сөйлемдегі хабардың, ойдың шындыққа қатынасын білдірсе, субъективті модальділік сол хабарға, ойға сөйлеуші-субъектінің көзқарасын, қатынасын білдіреді. Екіншіден, объективті модальділік рай категориясы арқылы, ал субъективті модальділік көмекші сөздер арқылы беріледі. Үшіншіден, объективтіге қарағанда субъективті модальділікте хабардың қосымша реңінің болуы оның семантикалық көлемін де кеңейтеді.

К. Аханов грамматикалық рай категориясының модальділік ұғымымен байланысын сөз ете келіп, модальділіктің грамматикалық және лексикалық тәсілмен де берілуі мүмкін екенін атап көрсетеді /7, 151/. Соның ішінде лексикалық тәсіл модаль сөздер арқылы, ал грамматикалық тәсіл рай категориясы арқылы беріледі.

Модаль сөздер лексика-грамматикалық сипатына қарай есімдерден, етістіктерден, көмекші сөздерден жасалады. Бұл ерекшелік модаль сөздердің құрамы жағынан әр түрлі болып келуіне әсер етеді. «Қазақ грамматикасында» модаль сөздерді семантикалық сипатына қарай мынадай топтарға бөліп қарастырады /4, 577/: 1) болжал мәнді модаль сөздер; 2) міндеттілік мағына білдіретін модаль сөздер; 3) біреудің сөзі не дерек негізінде айтылатын модаль сөздер; 4) қостау (растау) мағынасында қолданылатын модаль сөздер; 5) қалау (тілек) мәнді модаль сөздер; 6) күмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер; 7) сөйлемде айтылған хабардың ақиқатына көзі жеткендікті білдіретін модаль сөздер; 8) нық сенімділікті білдіретін модаль сөздер.

Қазақ тіліндегі модаль сөздер қолданылу ерекшелігіне қарай үш топқа бөлінеді /8, 580/: 1) тек синтаксистік қыстырма мүше ретінде қолданылатын модаль сөздер; 2) баяндауыш құрамында көмекші мүше ретінде қолданылатын модаль сөздер; 3) әрі синтаксистік қыстырма мүше, әрі қимыл есімді баяндауыш құрамында қолданылатын модаль сөз.

	<p>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Пәннің оқу-әдістемелік кешені</p>	<p>Басылым: Бесінші</p>
---	---	--------------------------------------	-----------------------------

Сонымен модаль сөздер лексика-грамматикалық, семантикалық және қолданысы жағынан ерекше сөз таптарының бірі. Модаль сөздердің қалыптасуында грамматикалану үдерісінің маңызы зор.

### ***Тұжырымдар:***

1. Модаль сөздерді жалпы категориялық мағынасы негізінде жеке сөз табы ретінде тануға болады.
2. Модаль сөздердің толық мағыналы дербес сөздердің лексика-грамматикалық даму үдерісінде өзінің бастапқы мағынасынан біржола қол үзуі нәтижесінде қалыптасуы олардың грамматикалық құрылымының көп қырлы болуына әсер етеді.
3. Модаль сөздердің этимологиялық тұрғыдан қарастырылуы да маңызды болып табылады.

### ***Бақылау сұрақтары:***


1. Модаль сөздердің лексика-грамматикалық, семантикалық және қолданысы

### ***Дәріс бойынша әдістемелік нұсқау***

Дәріс мәтінінде келтірілген тұжырымдар негізінде модаль сөздердің сөз табы ретіндегі өзіндік белгілерін, грамматикалық құрылымын, модальдылық мағынаны білдіру сипатын ғылыми тұжырымдар негізінде дәйектеу.

### ***Пайдаланылған әдебиет:***

1. Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. – Алматы, 1975.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
5. Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. – Алматы, 1982.
6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974
7. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
8. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996.
9. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты – Алматы, 1998.
10. Молғаждаров Қ. Шылау сөз табының қалыптасу тарихы. – Көкшетау, 2002.

 Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯҒА НАҒЫЗ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Пәннің оқу-әдістемелік кешені	Басылым: Бесінші
---	---	-------------------------------	---------------------

11. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998.
12. Сүлейменова Ж. Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі. // ДДА – Алматы, 2005.